Данное исследование было профинансировано Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан ИРН: BR10765062 «Разработка технологии по обеспечению сохранности качества с/х сырья и продуктов переработки в целях снижения потерь при различных способах хранения».

### Список литературы

- 1 Skenderidis P. Assessment of the antioxidant and antimutagenic activity of extracts from goji berry of Greek cultivation [Text] / Kerasioti, E., Karkanta, E., Stagos, D., Kouretas, D., Petrotos, K., Hadjichristodoulou, C., Tsakalof, A. // *Toxicol Rep.* – 2018. – № 5. – P. 251–257.
- 2 Auzeanneau N., Weber, P., Kosińska-Cagnazzo, A., Andlauer, W. Bioactive compounds and antioxidant capacity of *Lonicera caerulea* berries: comparison of seven cultivars over three harvesting years [Text] / *Food Compos Anal.* – 2018. – № 66. – P. 81–89.
- 3 Fratianni A. Effect of a physical pre-treatment and drying on carotenoids of goji berries (*Lycium barbarum* L.) [Text] / Niro, S., Alam, M.D.R., Cinquanta, L., Matteo, M.D., Adiletta, G., Panfili, G. // *Food Sci Technol.* – 2018. – № 92. – P. 318–323.
- 4 Wang C.Y., Wang S.Y., Chen C. Increasing antioxidant activity and reducing decay of blueberries by essential oils [Text] / *Agric Food Chem.* – 2008. – № 56 (10). – P. 3587–3592.
- 5 Авцын А. П. и др. Микроэлементозы человека [Текст] / - М.: Медицина. – 1991. – Т. 310.
- 6 Pluta S., Żurawicz, E., Pruski, K. Suitability of fruits of selected blackcurrant (*Ribes nigrum* L.) cultivars for fresh market [Text] / *Journal of Berry Research.* – 2012. – Т. 2. – № 1. – P. 23–31.
- 7 Mathew A. et al. Natural food flavors and colorants [Text] / *Natural food flavors and colorants.* – 2017. – № 2.
- 8 Sanna Viljakainen Arto Visti & Simo Laakso Concentrations of Organic Acids and Soluble Sugars in Juices from Nordic Berries [Text] / *Plant Soil Science.* – 2002. – № 52:2. – P. 101–109. DOI: 10.1080/090647102321089846
- 9 Daood H.G., Biacs P.A., Dakar M.A., Hajdu F. Ion-pair chromatography and photodiode-array detection of vitamin C and organic acids [Text] / *Chromatogr Sci.* – 1994. – № 32. – P. 481–487.
- 10 Hagg M., Ylikoski S., Kumpulainen J. Vitamin C content in fruits and berries consumed in Finland [Text] / *Food Compos Anal.* – 1995. – № 8(1). – P. 12–20.
- 11 Gutzeit D., Baleanu G., Winterhalter P., Jerz G. Vitamin C content in sea buckthorn berries (*Hippophaë rhamnoides* L. ssp. *rhamnoides*) and related products: a kinetic study on storage stability and the determination of processing effects [Text] / *Food Sci.* – 2010. – № 73 (9). – P. 615–620.
- 12 Górnas P., Šnē E., Siger A., Segliņa D. Sea buckthorn (*Hippophaë rhamnoides* L.) leaves as valuable source of lipophilic antioxidants: the effect of harvest time, sex, drying and extraction methods [Text] / *Ind Crop Prod.* – 2014. – № 60. – P. 1–7.
- 13 Mattila P.H., Hellström J., McDougall G., Dobson G., Pihlava J.M., Tiirikka T., Stewart D., Karjalainen R. Polyphenol and vitamin C contents in European commercial blackcurrant juice products [Text] / *Food Chem.* – 2011. – № 127(3). – P. 1216–1223.
- 14 Pluta S., Żurawicz E., Pruski K. Suitability of fruits of selected blackcurrant (*Ribes nigrum* L.) cultivars for fresh market [Text] / *Berry Res.* – 2012. – № 2(1). P. 23–31
- 15 Mathew A. Grape: *Vitis vinifera* L (Vitaceae) [Text] / *Natural Food Flavors and Colorants.* – 2017. – P. 215–218.
- 16 Khan F. Lowering of oxidative stress improves endothelial function in healthy subjects with habitually low intake of fruit and vegetables: a randomized controlled trial of antioxidant- and polyphenol-rich blackcurrant juice [Text] / Ray, S., Craigie, A.M., Kennedy, G., Hill, A., Barton, K.L., Broughton, J., Belch, J.J. // *Free Radic Biol Med.* – 2014. – № 72. – P. 232–237.
- 17 Sadowska K., Andrzejewska, J., Klóska, Ł. Influence of freezing, lyophilisation and air-drying on the total monomeric anthocyanins, vitamin C and antioxidant capacity of selected berries [Text] / *International Journal of Food Science & Technology.* – 2017. – Т. 52. – № 5. – С. 1246–1251. <https://doi.org/10.1111/ijfs.13391>

### References

- 1 Skenderidis P. Assessment of the antioxidant and antimutagenic activity of extracts from goji berry of Greek cultivation [Text] / Kerasioti, E., Karkanta, E., Stagos, D., Kouretas, D., Petrotos, K., Hadjichristodoulou, C., Tsakalof, A. // *Toxicol Rep.* – 2018. – № 5. – P. 251–257.



2 Auzanneau N., Weber, P., Kosińska-Cagnazzo, A., Andlauer, W. Bioactive compounds and antioxidant capacity of *Lonicera caerulea* berries: comparison of seven cultivars over three harvesting years [Text] / *Food Compos Anal.* – 2018. – № 66. – P. 81– 89.

3 Fratianni A. Effect of a physical pre-treatment and drying on carotenoids of goji berries (*Lycium barbarum* L.) [Text] / Niro, S., Alam, M.D.R., Cinquanta, L., Matteo, M.D., Adiletta, G., Panfilì, G. // *Food Sci Technol.* – 2018. – № 92. – P. 318–323.

4 Wang C.Y., Wang S.Y., Chen C. Increasing antioxidant activity and reducing decay of blueberries by essential oils [Text] / *Agric Food Chem.* – 2008. – № 56 (10). – P. 3587–3592.

5 Avtsyn A. P. et al. Human trace elements [Text] /- M.: Medicine. - 1991. – Vol. 310.

6 Pluta S., Żurawicz, E., Pruski K. Suitability of fruits of selected blackcurrant (*Ribes nigrum* L.) cultivars for fresh market [Text] / *Journal of Berry Research.* – 2012. – T. 2. – № 1. – P. 23-31.

7 Mathew A. et al. Natural food flavors and colorants [Text] / *Natural food flavors and colorants.* – 2017. – № 2.

8 Sanna Viljakainen Arto Visti & Simo Laakso Concentrations of Organic Acids and Soluble Sugars in Juices from Nordic Berries [Text] / *Plant Soil Science.* – 2002. – № 52:2. – P. 101-109. DOI: 10.1080/090647102321089846

9 Daood H.G., Biacs P.A., Dakar M.A., Hajdu F. Ion-pair chromatography and photodiode-array detection of vitamin C and organic acids [Text] / *Chromatogr Sci.* – 1994. – № 32. – P. 481– 487.

10 Hagg M., Ylikoski S., Kumpulainen J. Vitamin C content in fruits and berries consumed in Finland [Text] / *Food Compos Anal.* – 1995. – № 8(1). – P. 12–20.

11 Gutzeit D., Baleanu G., Winterhalter P., Jerz G. Vitamin C content in sea buckthorn berries (*Hippophaë rhamnoides* L. ssp. *rhamnoides*) and related products: a kinetic study on storage stability and the determination of processing effects [Text] / *Food Sci.* – 2010. – № 73 (9). – P. 615–620.

12 Górnaś P., Śnē E., Siger A., Segliņa D. Sea buckthorn (*Hippophae rhamnoides* L.) leaves as valuable source of lipophilic antioxidants: the effect of harvest time, sex, drying and extraction methods [Text] / *Ind Crop Prod.* – 2014. – № 60. – P. 1–7.

13 Mattila P.H. Polyphenol and vitamin C contents in European commercial blackcurrant juice products [Text] / Hellström, J., McDougall, G., Dobson, G., Pihlava, J.M., Tiirikka, T., Stewart, D., Karjalainen, R. // *Food Chem.* – 2011. – № 127(3). – P. 1216–1223.

14 Pluta S., Zurawicz E., Pruski K. Suitability of fruits of selected blackcurrant (*Ribes nigrum* L.) cultivars for fresh market [Text] / *Berry Res.* – 2012. – № 2(1). – P. 23–31.

15 Mathew A. Grape: *Vitis vinifera* L (Vitaceae) [Text] / *Natural Food Flavors and Colorants.* – 2017. – P. 215 – 218.

16 Khan F. Lowering of oxidative stress improves endothelial function in healthy subjects with habitually low intake of fruit and vegetables: a randomized controlled trial of antioxidant- and polyphenol-rich blackcurrant juice [Text] / Ray, S., Craigie, A.M., Kennedy, G., Hill, A., Barton, K.L., Broughton, J., Belch, J.J. // *Free Radic Biol Med.* – 2014. – № 72. – P. 232–237.

17 Sadowska K., Andrzejewska J., Klóska Ł. Influence of freezing, lyophilisation and air-drying on the total monomeric anthocyanins, vitamin C and antioxidant capacity of selected berries [Text] / *International Journal of Food Science & Technology.* – 2017. – T. 52. – № 5. – P. 1246-1251. <https://doi.org/10.1111/ijfs.13391>

**ӨРТҮРЛІ ЖИДЕКТЕРДЕГІ ДӘРУМЕНДЕР МЕН ОРГАНИКАЛЫҚ  
ҚЫШҚЫЛДАРДЫ АНЫҚТАУ**

**Оспанкулова Гульназым Хамитовна**

*Биология ғылымдарының кандидаты*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: bulashevag@mail.ru*

**Каманова Светлана Георгиевна**

*Техника ғылымдарының магистрі*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: kamanovaveta@mail.ru*

**Тоймбаева Дана Болатовна**

*Техника және технология магистрі*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: bio.dana@mail.ru*

**Темирова Индира Жанатовна**

*Техника ғылымдарының магистрі*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: Indira\_t85@mail.ru*

**Альдиева Акмарал Беимбетовна**

*Бакалавр*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: akylinaakmaral@mail.ru*

**Мұратхан Марат**

*Техника ғылымдарының магистрі*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: marat-muratkhan@mail.ru*

**Мурат Линара Азаматқызы**

*Техника ғылымдарының магистрі*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru*

**Ермеков Ерназ Ермекович**

*Техника ғылымдарының магистрі*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: yernazyermekov@outlook.com*

### **Түйін**

Жидектер адам ағзасының ауруларын антиоксидантты қорғауда, алдын алуда және емдеуде маңызды рөл атқарады, сондықтан тамақ өнеркәсібінде кеңінен қолданылады. Бұл жұмыстың мақсаты әртүрлі жидектердегі дәрумендер мен органикалық қышқылдардың құрамын зерттеу. Зерттеулерде жалпы қабылданған химиялық және аналитикалық әдістер қолданылды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде барлық жидектер түрлерге байланысты биохимиялық құрамы бойынша ерекшеленетіні анықталды. Жидектер құрамындағы дәрумендер мен органикалық қышқылдардың мөлшері жидектердің түріне байланысты айтарлықтай өзгереді. Кейбір түрлердің құнды витаминдік құрамы бар, ал басқалары органикалық қышқылдардың бірдей құнды құрамына ие. Көкжидек витаминдердің ең кең кешеніне ие, ал органикалық қышқылдардың толық кешені - шырғанақ жидектері. Жүргізілген эксперименттердің нәтижелері өңдеуге арналған шикізатқа қойылатын талаптарды әзірлеу барысында пайдаланылатын болады.

**Кілт сөздер:** дәрумендер; органикалық қышқылдар; таңқурай; құлпынай; қарақат; көкжидек; шырғанақ.

## **DETERMINATION OF VITAMINS AND ORGANIC ACIDS IN BERRIES OF VARIOUS TYPES**

*Ospankulova Gulnazym Khamitovna*

*PhD in Biology*

*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: bulashevag@mail.ru*

*Kamanova Svetlana Georgievna*

*Master of Engineering*

*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: kamanovasveta@mail.ru*

*Toimbayeva Dana Bolatovna*

*Master of Engineering and Technology*

*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: bio.dana@mail.ru*

*Temirova Indira Zhanatovna*

*Master of Engineering*

*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: Indira\_t85@mail.ru*

*Aldiyeva Akmaral Baimbetovna*

*Bachelor*

*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: akylinaakmaral@mail.ru*

*Muratkhon Marat*

*Master of Engineering*

*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: marat-muratkhon@mail.ru*

*Murat Linara Azamatkyzy*  
*Master of Engineering*  
*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*  
*Astana, Kazakhstan*  
*E-mail: linaraazamatkyzy@mail.ru*

*Yermekov Yernaz Yermekovich*  
*Master of Engineering*  
*S. Seifullin Kazakh Agro Technical University*  
*Astana, Kazakhstan*  
*E-mail: yernazyermekov@outlook.com*

### **Abstract**

Berries play an important role in antioxidant protection, prevention and treatment of diseases of the human body, therefore they are widely used in the food industry. The purpose of this work is to study the composition of vitamins and organic acids in berries of various types. Generally accepted chemical and analytical methods were used in the research. As a result of the conducted research, it was found that all berries differ in biochemical composition depending on the species. The content of vitamins and organic acids in the composition of berries varies greatly depending on the type of berries. Some species have a valuable vitamin composition, while others have an equally valuable composition of organic acids. Blueberry berries have the widest complex of vitamins, and sea buckthorn berries have a full complex of organic acids. The results of the experiments performed will be used in the development of requirements for raw materials for processing.

**Key words:** vitamins; organic acids; raspberries; strawberries; currants; blueberries; sea buckthorn.

doi.org/ 10.51452/kazatu.2022.4.1205

ӘОЖ: 633,85: 630\*844.41:636. 087,8 (045)

## ЖАЗДЫҚ АРЫШ (*Camelina sativa* L. Grantz) ДАҚЫЛЫН САҢЫРАУҚҰЛАҚ АУРУЛАРЫНАН ҚОРҒАУ

*Абышева Гаукартас Танибергенқызы*

Докторант

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Астана қ., Қазақстан

E- mail: gauhartas70@mail.ru

*Мұсынов Қажымұрат Майрамбекұлы*

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Астана қ., Қазақстан

E- mail: kazeke1963@mail.ru

### Түйін

Зерттеу жұмыстары 2018-2020 жж Ақмола облысы, Сандықтау ауданына қарасты «Камелка и Д» ЖШС-де жүргізілді. Зерттеу нысаны жаздық арыштың Исилькулец сорты болды. Арыштың фузариоз және альтернариоз тектес саңырауқұлақтар тудыратын ауруларына қарсы пиктор фунгициді мен экстрасол биологиялық препараты қолданылды. Арыш ауруларына қарсы қолданылатын Мемлекеттік реестрде бір де бір фунгицид жоқ болғандықтан тәжірибемізде Пиктор фунгициді мен Экстрасол биологиялық препараты зерттелді. Тәжірибеден өткен препараттар *Fusarium* және *Alternaria* тектес саңырауқұлақтар тудыратын ауруларға қарсы тиімділігін көрсетті. Экстрасол препаратының тиімділігі 61,2-77,1%; пиктор препаратының тиімділігі 74,1-82,0% көрсетті. Солтүстік Қазақстанның қара топырақты аймағында өсірілген жаздық арышты (Исилькулец сорты) *Fusarium*, *Alternaria* фитопатогенді саңырауқұлақ түрлері залалдайтыны анықталды. Аурулардың даму динамикасы аймақтағы жауын-шашынның түсімі, ауа ылғалдылығы мен ауа температурасына тікелей байланысты болды.

**Кілт сөздер:** жаздық арыш; биологиялық препарат; фунгицид; *Fusarium*; *Alternaria*; Экстрасол; Пиктор.

### Кіріспе

Егістік арыш немесе жаздық арыш (*Camelina sativa* L. Grantz) – қырыққабат тұқымдасына жататын, бір жылдық, жіңішке бұтақты, биіктігі 50-60 см болатын шөптесін өсімдік. 40-60% дейін кебетін майы бар, негізінен техникалық мақсатқа – сыр мен лак, сабын қайнату өнеркәсібінде пайдаланылады. Арыштың күнжарасы – құнарландырылған мал азығы ретінде пайдаланылады. Арыш дақылы – өндіріске енген жас дақыл болғанымен де халық шаруашылығында ежелден таныс дақыл болып саналады. Сонымен қатар жаздық арыш ылғалдың жеткіліксіздігіне, температураның жоғарылығына төзімді, топырақ талғамайды, зиянды ағзаларға төзімді, басқа майлы дақылдарға қарағанда арыш егістігіне химиялық қорғау шаралары аз жүргізілетіндіктен шаруашылыққа қаражат үнемдеу жағынан

тиімді [1,209-бет; 2,162-бет; 3,602-бет]

Дегенмен ауарайы жағдайының тұрақсыздығына байланысты (қуаңшылық, жауын шашын түсімінің мол болуы) барлық майлы дақылдарға залалын тигізетін аурулардың түрлері жаздық арыш егістігін де жаппай басады [4; 5,38-бет; 6,749-бет; 7,928-бет; 8,375-бет].

Қазіргі уақытта майлы дақылдарды зиянды ағзалардан қорғауда тез әсер ететін және ең тиімді тәсіл химиялық препараттарды қолдану, тұқымды инсектицид, фунгицидпен өңдеу, өсімдіктің өсу даму кезеңінде бүрку жұмыстарын жүргізу.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізімінің ішінде жаздық арыштың ауруларына қарсы қолданылатын бір де бір пестицид жоқ.



Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты Солтүстік Қазақстанның климаттық жағдайында жаздық арыш өсімдігіне зиянын келтіретін ауру түрлерін анықтау, оларға қарсы тиімді қорғау заттарын іздеу және оның тиімділігін анықтау болды.

### Материалдар мен әдістер

Танаптық зерттеулер Ақмола облысы Сандықтау ауданы «Каменка және Д» ЖШС-і тәжірибе алаңында жүргізілді. Зертханалық талдау жұмыстары ҚР БЖҒМ қарасты «Ұлттық биотехнология орталығы» РММ-де, сонымен қатар «Өсімдік қорғау және карантин» кафедрасының арнайы мамандандырылған зертханаларында жасалды.

Зерттеу нысаны – Қазақстан республикасында пайдалануға рұқсат етілген жаздық арыштың Исилькулец сорты.

Бағдарлама бойынша егістік жаздық арыштың 2 себу мерзімі жоспарланды: бірінші –15-20 мамыр (мамыр айының екінші онкүндігі), екінші –25-30 мамыр (мамыр айының үшінші онкүндігі).

Тұқымды өңдеу нұсқалары: Бақылау – өңделмеген тұқым; ауруға қарсы -Экстрасол 2 мл/кг.

Өсімдіктердің өсіп даму кезеңінде бүрку нұсқалары: бақылау-өңделмеген, Экстрасол 2 мл/кг, Пиктор, 24% к.э 0,6-0,8 кг/га;

Біздің зерттеу жұмыстарымызда фитопатологиялық зерттеулер, капуста тұқымдастардың жапырағындағы ауру дамуының қарқынын және залалдану пайызын бағалау үшін Марковтың әдістемесі, ҚР АШМ ұсынған әдістемелік құралы қолданылды[9,55-бет; 10,33-бет]

И.Л.Марковтың (1991) 6 – балдық шкаласы:

0 – сау жапырақтар;

1 – жапырақ беті 5%-ға дейін залалданған (дақтар басқан);

2 – 5 - 25%-ға дейін;

3 –25 -50%-ға дейін;

4 –50 -75%-ға дейін;

5 –75%-дан жоғары.

Аурудың таралуы (P) пайызбен көрсетіледі және келесі формуламен есептелінеді:

$$P = \frac{n \times 100}{N}$$

мұнда:

n- сынамадағы ауру өсімдік немесе жеке мүшелер саны;

N - жалпы есепке алынған тексерілген өсімдік саны (мүше саны).

Аурудың дамуы келесі формула бойынша есептейді:

$$R = (\Sigma(a \times b) / \Sigma n \times k) \times 100$$

R- аурудың дамуы, (%);

$\Sigma(a \times b)$  – (a) залалданған жапырақтар (бұршаққынша) көбейтінді санының қосындысы, (b) оған сәйкес залалдану балы;

$\Sigma n$  –есепке алынған өсімдіктер сомасы (сау және ауру).

k –залалданудың жоғарғы балы.

Бүрку жұмыстары ранц қолбүріккішімен жүргізілді.

### Нәтижелер

2018-2020 зерттеу жылдарында Жаздық арыш (*Camelina sativa L. Grantz*) вегетация кезеңінде ауа райы жағдайына байланысты әртүрлі аурулармен залалданды. Фитопатологиялық бағалау жұмыстары әр он күн сайын жүргізілді.

Егістікте аурулардың дамуы мен таралуын зерттеу барысында жаздық арыштың (*Camelina sativa L*) егін көгі кезеңінен бастап вегетацияның соңына дейін аурудың

бірнеше түрі кездесті. Атап айтатын болсақ 5-8 жапырақ шанақтану- гүлдеу кезеңіне дейін жалған ақ ұнтақ, ақ тат, альтернариоз, фомоз, фузариоз т.б аурудың белгілері байқалды. Бұл ауру түрлерімен арыштың жапырағы, сабағы, гүлі мен гүлсағағы және бұршаққыншасы залалданды.

Аурулардың даму динамикасы аймақтағы жауын шашынның түсімі, ауа ылғалдылығы мен ауа температурасына тікелей байланысты

болды.

Біздің зерттеулерімізде себуге дейін тұқымды зиянды ағзаларға қарсы дәрілеу және өсімдіктің өсу даму кезеңінде фунгицид бүрку арыштың аурумен залалдану пайызын төмендетуге септігін тигізді. Топырақ биотасына зиян тигізбеу үшін себу алдында» микробиологиялық препаратымен өңделді.

«Экстрасол» препаратын Ресей ауылшаруашылық микробиологиясы ғылыми-зерттеу институтында әзірленген және 2004 жылы биофунгицид ретінде тіркелген. Препараттың негізі қара топырақтан және олардың метаболиттерінен бөлінген *Bacillus subtilis* Ч-13 ризосфералық бактериялардың штаммы болып табылады. Бұл бактериялар әртүрлі өсімдік ауруларын (тамыр шірігі, фитотрофоз, ақ ұнтақ) тудыратын фитопатогенді микроорганизмдердің дамуын тежейтін заттарды бөліп шығаруға қабілетті. «Экстрасол» топырақты және себу алдында тұқымдарды өңдеуге, вегетациялық кезеңде бүрку үшін қолданылады. Препараттың фитоуыттылығы жоқ және жылы қанды жануарларға әсер етпейді.

Альтернариоз жаздық арыш танаптарын фитопатологиялық зерттеулерімізде жапырақтану кезеңінде есепке алынды. *Alternaria* туысының түрлері табиғатта кеңінен таралған. Айқышгүлділер тұқымдасына жататын дақылдардың өсу дамуының барлық кезеңдерінде (өскінде, жапырақта, сабақта, бұршаққыншада) альтернариоз байқалады. Ауру белгісі қара-қоңыр дақтар, ылғалдылық мол жылы дақтың бетін қара өңез басып, сабақ пен бұршаққыншада жара түрінде көрінеді.

Кесте 1 – Альтернариоз ауруына қарсы қолданылған экстрасол және пиктор, 24% препараттарының биологиялық тиімділігі, %

Нұсқа	Жапырақтану кезеңінде бүркілген препараттардан кейінгі альтернариоздың таралуы (P)			Биологиялық тиімділігі,%		
	5 күннен кейін	10 күннен кейін	15 күннен кейін	5 күннен кейін	10 күннен кейін	15 күннен кейін
2018-2020						
Бақылау	22,4	32,6	12,0	-	-	-
Биологиялық ая	9,0	10,9	4,1	62,3	65,2	77,1
Химиялық ая	5,2	6,4	1,9	78,8	80,6	82,0

Арыштың өсу дамуы кезеңінде экстрасол және пиктор 40% к.с. препаратын қолдандық.

Арыштың зертханалық жағдайда әр түрлі мүшелерінен (жапырақтан, сабақтан, бұршаққыншадан) *Fusarium* және *Alternaria* изоляттары бөлініп алынды және зерттеу барысында *Fusarium oxysporum*, *Fusarium Acuminatum*, *Alternaria* саңырауқұлағының *A.alternata* және *A. tenuissima* деген түрлері анықталды [11].

Альтернариоз залалы 2018 жылы 30,0-87,1% болды (ГТК-1,4). Пісу кезеңінде альтернариозбен залалданған бұршаққыншалар бос немесе дәндері қарайып кеткен болды. Ауруға қарсы қолданылған Экстрасол препараты өсіп дамудың әр кезеңінде бақылау нұсқасымен салыстырғанда 1,7 еседен 2,5есеге дейін, Пиктор препараты бұл аурудың дамуын 3,0-3,6 есеге дейін төмендетті.

2019 жылы құрғақшылық болды. Көктеу-жапырақтану кезеңінде жауын-шашын түсімі орташа жылдық мөлшерден 13,3%-ға аз түсті. Бұтақтану –гүлдеу кезеңінде жауын –шашын түсімі 12-15мм орташаға жақын болды(15,9мм) 0,9-3,4мм-ге артық түсті. Температура мөлшері орташа жылдық көрсеткіштен 4,7 °С-қа төмен болды. Осы кезеңдерде альтернариоздың дамуы 0,8-1,5 балға артты. Ал аурудың таралуы бақылау нұсқасында 19,9-45,1%-ды құрады.




2020 жылы да құрғақшылық байқалды. Тамыз айының бірінші онкүндігінде жауын-шашын мөлшерден тыс 56 мм (орташа жылдық 18,2) түсті. 2020 жылы альтернариоздың таралуы 2019 жылға қарағанда 21,8%-ға аз болғандығын байқадық (1-сурет).

Альтерналиозға қарсы қолданылған экстрасол препаратының биологиялық тиімділігі 62,3-77,1%, ал пиктор препаратының биологиялық тиімділігі 78,8-82,0% болды.

Арыштың жапырақтану-сабақтану кезеңінде фузариоздысолу: жапырақтар мен сабақтың түсінің сары түстен қызыл - қошқыл түске дейін өзгеруі сияқты белгілерімен

көрінді.


Шанақтану немесе гүлдеу кезінде залалданған өсімдіктер сабағы кеуіп, сынғыш болды және топырақтан жеңіл жұлынды. Бұршаққыншасы көлемі кішірейіп жетілмей қалады. Ылғалдылық мол 2018 жылыарыштың залалданған мүшелерінде ақшыл-күлгін өңез пайда болады.




R- аурудың дамуы, балл; P- аурудың таралуы, %

Сурет 1 - Жаздық арыш танаптарында альтерналиоздың дамуы мен таралуы, 2018-2020 ж


Жаздық арыш танаптарында фузариоздың дамуы мен таралуы, 2018 ж.



Жаздық арыш танаптарында фузариоздың дамуы мен таралуы, 2019 ж.



Жаздық арыш танаптарында фузариоздың дамуы мен таралуы, 2020 ж.



R - аурудың дамуы, балл; P- аурудың таралуы, %

Сурет 2 - Жаздық арыш танаптарында фузариоздың дамуы мен таралуы, 2018-2020 ж

2018 жылы тәжірибедегі нұсқалар бойынша фузариоздың таралуы 2019-2020 ж қарағанда жоғары болды. Оның себебі маусым, тамыз айында түскен жауын-шашын мөлшерінің жоғары болуы, орташа көпжылдық көрсеткішпен салыстырғанда 17,5 мм және 62 мм көп, ауа температурасы 1-2,3 °C қа төмен болуы осы аурулардың дамуына қолайлы жағдай болды. 2019 жылы бақылау нұсқасында ауру 16,5-36,2 % ға дейін таралды. Ауруға қарсы биологиялық препаратты қолданғаннан кейін фузариоздың деңгейі 3,8 есеге, химиялық препаратты қолданғаннан кейін 2,8-15 есеге дейін

төмендегені байқалады (2 сурет).

2018-2020 зерттеу жылдарында арыштың вегетация бойы ауруды есепке алу кезінде фузариоздың дамуы бақылау нұсқасында 2,8-3,0 балл, ал таралу 26,6 -86,4% аралығында болды. Экстрасол препараты бақылау нұсқасымен салыстырғанда фузариоздың дамуын 0,6 балға төмендетті. Бұл препараттың биологиялық тиімділігі 59,0-61,2% болды. Химиялық препаратты қолдану аурудың дамуын Зесеге төмендетті. Химиялық препараттың биологиялық тиімділігі 69,8-74,1%(2-кесте).

Кесте 2 – Фузариозға қарсы қолданылған Экстрасол және Пиктор, 24% препараттарының биологиялық тиімділігі, %.

Нұсқа	Жапырақтану кезеңінде бүркілген препараттардан кейінгі фузариоздың таралуы (P)			Биологиялық тиімділігі,%		
	5 күннен кейін	10 күннен кейін	15 күннен кейін	5 күннен кейін	10 күннен кейін	15 күннен кейін
2018-2020						
Бақылау	23,2	26,6	31,0	-	-	-
Биологиялық ая	9,5	10,6	12,0	59,0	60,1	61,2
Химиялық ая	7,0	7,3	8,0	69,8	72,5	74,1

Зерттеу жылдарында фузариоздың таралуы ауа райы жағдайы мен қолдану препараттарына байланысты болды және арыштың өсіп даму кезеңінің соңына дейін созылды (2018 жылы ГТК-1,4; 2019 жылы ГТК-0,77; 2020 жылы ГТК-0,75). Жаздық арыш танаптарында фузариоздың сабақтану – гүлдеу кезеңінде бақылау нұсқасында өршігені байқалды.

### Талқылау

*Fusarium*, *Alternaria* фитопатогенді саңырауқұлақ түрлеріне қарсы экстрасол және пиктор 40% к.с. препараттарын қолданғанда биологиялық тиімділігі жоғары болғаны анықталды. Аталған препараттар аурулардың дамуын тежеуге көмектеседі. Экстрасол препаратының биологиялық тиімділігі фузариозға қарсы қолданғанда 61,2%, альтернариозға қарсы қолданғанда 77,1% болды. Пиктор препаратын қолдану аурудың дамуын Зесеге төмендетті. Химиялық препараттың фузариоз және альтернариозға қарсы биологиялық тиімділігі 74,1-82,0%.

### Қорытынды

Солтүстік Қазақстанның қара топырақты аймағында өсірілген жаздық арышты (Исилькулец сорты) *Fusarium*, *Alternaria* фитопатогенді саңырауқұлақ түрлері залалдайтыны анықталды. Аурулардың даму динамикасы аймақтағы жауын шашынның түсімі, ауа ылғалдылығы мен ауа температурасына тікелей байланысты болды.

Жаздық арышты залалдаған *Fusarium*, *Alternaria*-ға қарсы қолданылған химиялық препарат Пиктор, 24% к.э 0,6-0,8 кг/га және биологиялық Экстрасол 2 мл/кг препараттарының тиімділігі анықталды.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізімінің ішінде жаздық арыштың ауруларына қарсы қолданылатын бір де бір пестицид жоқ. Жаздық арышты зиянды ағзалардан қорғауға арналған химиялық және биологиялық препараттар туралы ұсыныстар жоқтың қасында, сондықтан да *Fusarium*, *Alternaria* туысы саңырауқұлақтырының залалын тежеуде Пиктор, 24% к.э 0,6-0,8 кг/га және биологиялық Экстрасол 2 мл/кг препараттарының тиімділігінің зор екендігін айтуға мүмкіндік бар.



## Әдебиеттер тізімі

- 1 Прахова Т.Я. Рыжик посевной (*Camelina sativa* (L.) Grantz) [Текст]: монография. - Пенза: РИО ПГСХА, 2013. - С.209.
- 2 Yang J. An evaluation of biodiesel production from *Camelina sativa* grown in Nova Scotia [Text] / Jie Yang, Claude Caldwell, Kenneth Corscadden, Quan Sophia He // *Industrial Crops and Products*. – 2016. -Vol. 81. – P. 162-168.
- 3 Zanetti F. Agronomic performance and seed quality attributes of *Camelina* (*Camelina sativa* L. crantz) in multi-environment trials across Europe and Canada [Text] / Federica Zanetti., Christina Eynck Myrsini Christou., Michal Krzyżaniak // *Industrial crops and products*. – 2017. -Vol.107. – С. 602-608.
- 4 Сердюк О. Л. Болезни рыжика озимого в условиях центральной зоны Краснодарского края [Text] / Сердюк О.Л., Горлов С.Л., Трубина В.С // *Масличные культуры*– 2015. – № 3 (163). – С. 91–95.
- 5 Плужникова И.И. Влияние фунгицидов на пораженность болезнями рыжика озимого [Text]/ Плужникова И.И., Прахова Т.Я. // *Международный сельскохозяйственный журнал*. -2021. Т 64. -№6 (384). -С.38-41.
- 6 Mir Z. A. Genome-wide identification and characterization of Chitinase gene family in *Brassica juncea* and *Camelina sativa* in response to *Alternaria brassicae* [Text] / Zahoor Ahmad Mir., Sajad Ali., S.M.Shivaraj., Javaid Akhter Bhat// *Genomics*. – 2020. -Vol. 112. – № 1. – С. 749-763.
- 7 Jejelowo O. A. Relationship between conidial concentration, germling growth, and phytoalexin production by *Camelinasativa* leaves inoculated with *Alternaria brassicae* [Text] / Jejelowo O. A., Conn K. L., Tewari J. P. // *Mycological Research*. – 1991. Vol.95. – № 8. – С. 928-934.
- 8 Séguin-Swartz. Diseases of *Camelina sativa* (false flax) [Text] / Séguin-Swartz, G., Eynck, C., Gugel, R. K., Strelkov, // *Canadian Journal of Plant Pathology*, -2009. - Vol.31(4). -P.375-386.
- 9 Марков И.Л. Болезни рапса и методы их учета [Текст] / Марков И.Л. // *Защита и карантин растений*. -1991. -№ 6. -С. 55-60.
- 10 Особенности проведения весенне-полевых работ и возделывания сельскохозяйственных культур в Северо-Казахстанской области в 2019 году [Текст] / Сост. Куришбаев А.К., Канафин Б.К., Турганбаев Т.А., Садыков Б.С. - Рекомендации. Шагалалы. -2019 -С. 38.
- 11 Utelbayev Y. A. Development and Spread of Diseases in Spring *Camelina* (*Camelina sativa* (L.) Grantz) when using Various Treatments [Text] / Aysheva G. T., Bazarbayev B. B., K. M. Mussynov, TahsinN.T // *OnLine Journal of Biological Sciences*, 2021. - Vol.21 (4). -P. 288.298.

## References

- 1 Prakhova T.Ya. *Camelina sativa* (L.) Grantz monograph. [Text] / Penza: RIO PGSHA, 2013. – P. 209.
- 2 Yang J. An evaluation of biodiesel production from *Camelina sativa* grown in Nova Scotia [Text] / Jie Yang, Claude Caldwell, Kenneth Corscadden, Quan Sophia He // *Industrial Crops and Products*. – 2016. Vol. 81. – P. 162-168
- 3 Zanetti F. Agronomic performance and seed quality attributes of *Camelina* (*Camelina sativa* L. crantz) in multi-environment trials across Europe and Canada [Text] / Federica Zanetti., Christina Eynck Myrsini Christou., Michal Krzyżaniak // *Industrial crops and products*. – 2017. -Vol. 107. – С. 602-608.
- 4 Serdyuk O. L. Diseases of winter ginger in the conditions of the central zone of the Krasnodar Territory [Text] / Gorlov S. L., Trubina V. S. // *Oilseeds*. – Karasnodar,- 2015. – Vol. 3 (163).
- 5 Pluzhnikova I.I. The influence of fungicides on the disease infestation of winter ginger [Text] / Pluzhnikova I.I., Prakhova T.Ya. // *International Agricultural Journal*, -2021.-Vol. 647. -No. 6 (384). - P 38-41.
- 6 Mir Z. A. Genome-wide identification and characterization of Chitinase gene family in *Brassica juncea* and *Camelina sativa* in response to *Alternaria brassicae* [Text] / Zahoor Ahmad Mir., Sajad Ali., S.M.Shivaraj., Javaid Akhter Bhat// *Genomics*. – 2020. Vol. 112. – № 1. – С. 749-763.

7 Jejelowo O. A. Relationship between conidial concentration, germling growth, and phytoalexin production by *Camelinasativa* leaves inoculated with *Alternaria brassicae* [Text] / Jejelowo O. A., Conn K. L., Tewari J. P. // *Mycological Research*. – 1991. Vol. 95. – № 8. – С. 928-934.

8 Séguin-Swartz. Diseases of *Camelina sativa* (false flax). [Text] / Séguin-Swartz, G., Eynck, C., Gugel, R. K., Strelkov, // *Canadian Journal of Plant Pathology*, -2009. - Vol. 31(4). -P. 375-386.

9 Markov I.L. Rapeseed diseases and methods of their accounting [Text] / Markov I.L. // *Protection and quarantine of plants*. -1991.- № 6. -P.55-60.

10 Features of spring field work and cultivation of agricultural crops in the North Kazakhstan region in 2019/ Comp. Kurishbayev A.K., Kanafin B.K., Turganbayev T.A., Sadykov B.S. [Text]: Recommendations. Shagalaly. -2019 - P. 38.

11 Utelbayev Y. A. Development and Spread of Diseases in Spring *Camelina* (*Camelina sativa* (L.) Grantz) when using Various Treatments [Text] / Utelbayev Y. A., Aбыsheva G. T., Bazarbayev B. B., K. M. Mussynov, Tahsin N.T. *OnLine Journal of Biological Sciences*, 2021. - Vol.21 (4). -P. 288.298.

### PROTECTION OF SPRING GINGER (*CAMELINA SATIVA* L. GRANTZ) FROM FUNGAL DISEASES

*Aбыsheva Gaukhartas Tanibergenovna*

*Doctoral student*

*Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: gauhartas70@mail.ru*

*Mussynov Kazhimurat Mayrambekovich*

*Doctor of Agricultural Sciences, Professor*

*Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: kazeke1963@mail.ru*

#### **Abstract**

The given work was carried out in 2018-2020 on the experimental field of "Kamenka and D" Ltd, Akmola region. The variety of spring camelina known as "Isilkulets" was used as an object of research. The effectiveness of the fungicide "Piktor" and the biological preparation "Extrasol" being used against *alternaria*, *fusarium*, white rust and downy mildew were studied in a field experiment on the basis of the given oil crop.

There are no any fungicides and biological preparations for combating fungal diseases of spring camelina in the State Register of Plant Protection Products. In this regard, the field experiments on effectiveness of the fungicide "Piktor" and the biological preparation "Extrosol" were carried out.

The tested preparations effectively protected camelina plants from fungal diseases. The biological efficiency of treatment of camelina plants against fungal diseases of the preparation "Extrasol" was 61.2-77.1%. The biological efficiency of treatment of camelina plants against fungal diseases of the preparation "Pictor" was 74.1-82.0%. Spring Ginger (Isilkulets variety), grown in the chernozem zone of northern Kazakhstan, is affected by phytopathogenic species the fungi *Fusarium*, *Alternaria*. The dynamics of the development of diseases directly depended on precipitation in the region, air humidity and air temperature.

**Key words:** *Camelina sativa*; biological preparation; fungicide; *Fusarium*; *Alternaria*; *Extrasol*; *Pictor*.

**ЗАЩИТА ЯРОВОГО РЫЖИКА (CAMELINA SATIVA L. GRANTZ)  
ОТ ГРИБКОВЫХ БОЛЕЗНЕЙ**

*Абышева Гаукартас Танибергеновна*

*Докторант*

*Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина*

*г. Астана, Казахстан*

*E-mail: gauhartas70@mail.ru*

*Мусынов Кажимурат Майрамбекович*

*Доктор сельскохозяйственных наук, профессор*

*Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина*

*г. Астана, Казахстан*

*E-mail: kazeke1963@mail.ru*

**Аннотация**

Экспериментальную работу проводили в 2018-2020 гг. на опытном поле ТОО «Каменка и Д» Акмолинской области. В качестве объекта исследований использовали сорт ярового рыжика Исилькулец. Фунгициды и биологические препараты для борьбы с грибными болезнями ярового рыжика в Государственном реестре средств защиты растений отсутствуют. В связи с этим проведены полевые опыты эффективности фунгицида Пиктор и биологического препарата Экстрасол на сорте Исилькулец. Данные препараты применяются против болезней альтернариоз, фузариоз, белой ржавчины и ложной мучнистой росы. Испытанные препараты эффективно защищали растения рыжика от грибных болезней. Биологическая эффективность обработки растений рыжика против грибных болезней Экстрасола составила 61,2-77,1%; Пиктор 74,1-82,0%. Яровой Рыжик (сорт Исилькулец), выращенная в черноземной зоне Северного Казахстана, поражается фитопатогенными видами грибов *Fusarium*, *Alternaria*. Динамика развития болезней напрямую зависела от выпадения осадков в регионе, влажности и температуры воздуха.

**Ключевые слова:** яровой рыжик; биологический препарат; фунгицид; *Fusarium*; *Alternaria*; Экстрасол; Пиктор.

doi.org/ 10.51452/kazatu.2022.4.1239

ӘОЖ 639.371.7: 639.3.043

**«ЦЕОБАЛЫҚ» ПРЕБИОТИГІН ЖАЙЫН БАЛЫҚТАРЫНЫҢ (CLARIAS GARIEPINUS)  
НЕГІЗГІ РАЦИОНЫНА ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕГІ ӨСУ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ  
ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

*Аккозова Ардақ Сабыржановна*

*PhD*

*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті*

*Алматы қ., Қазақстан*

*E-mail: akkozova.ardak@mail.ru*

*Сарсембаева Нуржан Билтебаевна*

*Ветеринария ғылымдарының докторы, профессор*

*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті*

*Алматы қ., Қазақстан*

*E-mail: lady.nurzhan@inbox.ru*

*Ромашев Кананья Мухамедкалиевич*

*Ветеринария ғылымдарының кандидаты,*

*қауымдастырылған профессор*

*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті*

*Алматы қ., Қазақстан*

*E-mail: kana.roma@mail.ru*

**Түйін**

Мақалада жайын балықтарының негізгі ас үлесіне «Цеобалық» пребиотигін қосу кезіндегі балықтардың өсу көрсеткіштері мен физиологиялық жағдайын зерттеу нәтижелері берілген.

Тәжірибелік зерттеулер «TENGRYFISH» ЖШС-де жүргізілді. Бақылау тобының негізгі азығының құрамына пребиотикалық азықтық қоспа қосылмады, ал қалған екі тәжірибелік топтардың негізгі азығына «Цеобалық» пребиотигі 5% және 10% мөлшерде қосылды. Зерттеу жұмысының ұзақтығы 61 тәулікті құрады.

Жұмыстың алынған нәтижесі негізгі азық құрамына пребиотикті азықтық қоспаны қосып балықтарды қоректендірген топтардың өсу көрсеткіштері жоғары болғанын және физиологиялық күйлері жақсы болғанын көрсетті. Пребиотик қосылған азықпен қоректенген балықтардың тәжірибелік топтарының абсолютті өсімі бақылау тобымен салыстырғанда 4,9% және 13,6% жоғары болды. Екінші топтағы балықтардың өмір сүру қабілеті 96%-ды құрады. Алынған қорытындылар бойынша «Цеобалық» пребиотигін балықтардың негізгі азығына 5% мөлшерде қосу оңтайлы болатындығы анықталды.

Зерттеу жұмысы бойынша алынған нәтижелер «Цеобалық» пребиотигін балықтардың негізгі рационына пребиотикалық азықтық қоспа ретінде қолдануға болатындығын және пребиотиктің жайын балықтарының ағзасына оң әсер ете алатындығын көрсетті.

**Кілт сөздер:** жайын балығы; азықтық қоспа; пребиотик; салмақ; өсім; рацион; физиологиялық күйі.

**Кіріспе**

Әлемде халық санының артуына байланысты тұтынушыларды балық өнімдерімен қамтамасыз ету үшін аквамәдениет саласын қарқынды дамыту қажет болып отыр. Экономиканың бұл саласы көптеген шетелдік елдерде жақсы дамыған. БҰҰ-ның азық-түлік

және ауыл шаруашылығы ұйымының мәліметі бойынша тағамдық тұрғыда қолданылатын балықтың жалпы әлемдік көлеміне шаққанда өсірілетін бионысандардың көлемі жартысын ғана құрап отыр [1, 2]. Ал, біздің елімізде бұл сала даму көрсеткішінің бастапқы сатысында

түр және оның әлемдік балық өндірудегі үлесі 2-3% ғана құрайды [3].

Бағалы балық түрлерін тауарлық мақсатта жасанды жағдайда өсіру кезінде оның сапасы берілетін азықтың құрамына тікелей байланысты болып келеді [4]. Дәл осындай жағдайда балықтардың шығымын арттыратын, өсу көрсеткіштерін жоғарылататын, қырылу көрсеткішін төмендететін және сапасын жақсартатын тиімді болып табылатын арнайы жұмыстар атқарылуы қажет [5]. Демек, балықтарды өсіру тиімділігін арттыру мен олардың шаруашылық пайдалы көрсеткіштерін жақсартуда, әсіресе өсу көрсеткіштерін жоғарылатуда, яғни жалпы балық ағзасының дамуына тікелей оң әсер ететін азық пен азықтың қоспалардың сапасы мен химиялық құрамына жігі көңіл бөлу керек. Атап айтқанда, балықтарды жасанды жағдайда өсіру кезінде олардың саны мен сапасы азық пен азықтық қоспалардың құрамына тікелей байланысты болады [6].

Балықтарды оңтайлы азықтармен қоректендіру биологиялық және экономикалық тиімділікке әкеледі. Қолданылатын азықтың жоғары биологиялық тиімділігі оның құрамы мен дайындау әдістеріне байланысты. Балықтарға берілетін азықтарды арнайы мөлшерде жәнсапалы етіп жасауға болады [7]. Аквамәдениет өнімдерінің шығымын арттырудағы басты мәселенің бірін қолданылатын азықтың құнының артуы құрап отыр. Ал, мұндай азықтарға жұмсалатын қаражат өндіріс шығынының 50-60% дейін артуына алып келеді [8-9].

Соңғы жылдары еліміздің аквамадениетінде бағалы балық түріне жататын Африкалық жайын балықтары өсіріле бастады. Бұл жайын балықтары Еуропа елдеріне ХХ ғасырдың соңына қарай әкелінген. Балықтардың биологиялық ерекшеліктеріне оларды арнайы жасанды орталарда өсіріп, көбейту мүмкіндіктері жатады. Оларды өсіру кезіндегі судың қолайлы температурасы 25-32°C құрайды. Сонымен қатар, олар тіршілік барысында судағы азотты қосылыстардың жоғары мөлшеріне төзімділік көрсете отырып, дами алады. Желбезек асты органдарының арқасында жайын балықтары судың құрамындағы оттегінің аз концентрациясында да тіршілік ете алады [10]. Жалпы, табиғи орталарда жайын балықтары жыртқыштар болып табылады. Алайда, голландиялық, венгрлік

ғалымдардың тәжірибесі көрсеткендей олар өсімдіктердің едәуір мөлшерінен құралған құрама жеммен қоректену арқылы жасанды жағдайда да тіршілік ете алады. Бұл балық түрлерін жасанды жағдайда өсірген кезде басты назарды берілетін азықтың құрамына аударған жөн. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша жайын балықтары құрамында ақуыз мөлшері көп емес құрама жеммен қоректену арқылы жасанды орталарда да жақсы өсетіндігі анықталған. Сонымен қатар, балықтардың өсу көрсеткіштері ірі қара малға арналған құрама жеммен қоректендіргенде артқаны да дәлелденген [11].

Жоғарыда айтылған азықтармен жайын балықтарын қоректендіру кезінде азықтың физикалық және химиялық құрамына көп көңіл бөлген дұрыс. Азықтың берілетін балықтың түрі мен жасына байланысты өзіне тән арнайы мақұлданған өлшемі, пішіні, түсі, қаттылығы, дәмі мен иісі болу керек [12]. Балықтың бағалы түрлеріне берілетін азық пен азықтық қоспалар балықтың өсімін жоғарылатып, негізгі пайдалы тағамдық заттардың үлесімін қамти отырып, дамуына оң әсер ету қажет. Яғни, құрамында май мен ақуыздардың, биологиялық белсенді заттардың дәрумендер мен минералды элементтердің кешені болған дұрыс.

Соңғы жылдары балық азығының құндылығы мен қолданылу тиімділігін арттыру үшін әртүрлі минералды азықтық қоспалар көптеп қолданылуда. Соның ішінде Қазақстандық кенорнынан алынған цеолит негізінде дайындалған «Цеобалық» пребиотигін қолдану маңызды болып отыр. Жалпы, цеолитті балыққа арналған азықтарға қосып қолдану бойынша жүргізілген зерттеулер жетерлік. Мысалы, цеолитті ең алғаш балықтың рационна азықтық қоспа ретінде қосып, тәжірибелік жұмыстарды В.А. Таратухиннің зерттеулерінен көруге болады [13]. Сонымен қатар, цеолитті форель мен сазан балықтарын арнайы тоғандарда өсіру кезінде негізгі асүлесіне қосып, зерттеген жұмыстар да белгілі [14].

Жұмыстың мақсаты «Цеобалық» пребиотигін негізгі азыққа қосып қолданған жағдайда жайын балықтарының өсу көрсеткіштері мен физиологиялық жағдайын зерттеу. Сонымен қатар, бұл пребиотикалық азықтық қоспаның жайын балықтарға берілетін оңтайлы мөлшерін анықтау.



### Материалдар мен әдістер

Тәжірибелік зерттеу жұмыстары Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан Шонжыыстықсуаймағындағы «TENGRYFISH» ЖШС-де жүргізілді.

Зерттеу нысандары ретінде Африкалық жайын балықтарының салмағы 100-500г аралығындағы тауарлық түрлері қолданылды.

Зерттеу жұмысы үшін әрқайсысы елу балықтан тұратын 3 тәжірибелік топ құрылды. Бірінші топтың (бақылау тобы) негізгі рационна пребиотик қосылмады, екінші топтың азығына 5 % пребиотик қосылса, үшінші топқа 10% «Цеобалық» пребиотигі қосылды. Балықтардың өсу көрсеткіштері әр 15 күн сайын бақыланды. Тәжірибені жүргізу үлгісі 1-кестеде берілген.

Балықтардың тәжірибе алдындағы орташа салмағы бақылау тобында  $181 \pm 0,3$ г болса, тәжірибелік топтарда  $181 \pm 0,5$ г және  $179 \pm 0,9$ г құрады. Жайын балықтарының зерттеуге алынған топтары аталған балық шаруашылығының 2x3м көлемдегі арнайы бассейндерінде өсірілді. Бассейндердегі

судың орташа температурасы  $23^{\circ}\text{C}$  құрады. Балықтарды өсіру кезінде судың гидрохимиялық жағдайы бақыланып отырылды. Судың температурасы, сутекті көрсеткіш, оттегінің мөлшері мен амонийлі азот мөлшері, нитраттар мен нитриттер мөлшері әрбір үш күн сайын өлшеніп отырылды.

Тәжірибені жүргізу уақыты 61 тәулікті құрады.

Зерттеуге алынған салмағы 100-500г болатын жайын балықтарының тауарлық түріне берілген негізгі рацион келесідей құрамнан тұрды: етсүйекті ұнтақ, балық ұнтағы, қанды ұнтақ, соя шроты, азықтық ашытқылар, қоспалар, балық майы, соя майы, жүгері глютені, бидай, тұрақтандырғыштар мен антиоксиданттар.

Балықтарды азықтандыру мен өсіру жұмыстары «TENGRYFISH» ЖШС-нің талаптарына сай жүргізілді.

Балықтардың салмағын өлшеу МЕМСТ 1368-2003 «Балық. Ұзындығы мен салмағы» сәйкес жүргізілді.

Кесте 1 –Тәжірибе үлгісі

Көрсеткіш	Тәжірибе үлгілері		
	I (бақылау)	II	III
Бассейннің көлемі, м <sup>2</sup>	6	6	6
Балықтардың саны, дана	50	50	50
Балықтардың бастапқы орташа салмағы, г	$181 \pm 0,3$	$181 \pm 0,5$	$179 \pm 0,9$
Азықтандыру жағдайы	100% НР	95% НР+ 5% «Цеобалық»	90% НР + 10% «Цеобалық»
Тәуліктік рацион, %балықтың салмағына байланысты	2-3	2-3	2-3
<i>Қосымша:</i> НР – негізгі рацион			

### Нәтижелер

Балықтарды жасанды орталарда өсіру кезінде қолданылатын азыққа кеткен шығын өнім құнының жартысынан да асып кетуі мүмкін. Сондықтан, балық шаруашылығы саласында негізгі азықтың сапасын көтеріп, өзіндік құнын төмендетуге көмектесетін жұмыстар

атқарылуы тиіс [15]. Жайын балықтарын екі ай бойы «Цеобалық» пребиотигінің әртүрлі мөлшерін негізгі азыққа қосу арқылы өсіру жұмыстарының нәтижелері төменгі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2– Жайын балықтарының азығына «Цеобалық» пребиотигін қосу кезінде балықтардың өсу көрсеткіштерінің нәтижелері.

Көрсеткіштер	Топтар		
	I (бақылау)	II	III
Бастапқы орташа салмақ, г	181±0,3	181±0,5	179±0,9
Соңғы орташа салмақ, г	384±0,7	428±0,8	534±0,2
Абсолютті өсім, г	203	247	355
Салыстырмалы өсім, %	0,7	0,8	1,0
Жалпы салмақтың орташа тәуліктік өсімі, г	3,3	4,0	5,8
Өмір сүру қабілеті, %	87	96	91

Тәжірибе соңында жайын балықтарының орташа салмағын бақылау тобында 384±0,7г болса, екінші топта – 428±0,8г және үшінші топта орташа есеппен – 534±0,2г құрады. Бақылау тобына қарағанда балықтардың орташа тәуліктік өсімі екінші топта 4 г құраса, үшінші топта 5,8г болды. Айта кететін болсақ, пребиотикті азықтық қоспаны қолданған кезде балықтардың өсімі екінші айда жылдамырақ болды. Яғни, бұл балықтардың ішек-қарын жолдарының толық жетілуімен байланысты болуы мүмкін.

Алайда, балықтардың өсімі үшінші топта жоғары болғанымен бұл топтағы балықтардың өмір сүру қабілеті тәжірибе соңында 91%-ы ғана құрады. Бұл көрсеткіш екінші топпен (96%) салыстырғанда төмендеу. Осы үшінші топта өсу көрсеткіштерінің жоғары болуы балықтардың шоғырлану тығыздығының төмендеп, еркін қозғалысының нәтижесінде салмақ жинауы мүмкін деген тұжырымға келуге болады.

Биометриядағы абсолютті өсім белгілі бір жағдайлар мен уақыттағы өлшемнің нақты өзгерісін сипаттайтын жалпы көрсеткіш. Ең

жоғарғы абсолютті өсім пребиотиктің жоғары мөлшері қосылып азықтанған балықтардың тобына тиесілі болды. Бірінші топта (бақылау) абсолютті өсім - 203г болды, екінші топта – 247г құраса, үшінші топта – 355 г болды.

Өсімнің салыстырмалы көрсеткіші ең маңызды зоотехникалық көрсеткіш болып саналады. Балықтардың салыстырмалы өсімін анықтау нәтижесі бойынша да үшінші топтағы көрсеткіш жоғары болғанын көруге болады (2-кесте). Оның мәні 1,0% тең болды. Екінші топтың мәні 0,8% болса, бақылау тобының көрсеткіші – 0,7% болды. Бақылау тобының салыстырмалы көрсеткіші үшінші топпен салыстырғанда 0,3%-ға, ал екінші топпен салыстырғанда 0,1%-ға төмен болды. «Цеобалық» пребиотигі қосылған негізгі азықпен қоректенген жайын балықтарының абсолютті және салыстырмалы өсімдерінің бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болуы азықтық қоспаның есебінен ас қорыту үрдісінің жақсы жүруі нәтижесінде ағзадағы зат айналым жүйесінің жылдам жүргендігінен деп түйіндеуге болады.

### Талқылау

Балықтарды жасанды жағдайда өсіру кезінде олардың өсу көрсеткіштерін бақылау үшін олардың салмақтарын үздіксіз өлшеп отыру қажет [16]. «Цеобалық» пребиотигінің балықтардың зерттеуге алынған топтарының өсіміне тигізетін әсерін анықтау және талдау үшін әрбір топтың балықтарының салмағы жеке-жеке өлшелініп, жалпы орташа салмақтық көрсеткіштері анықталды. Алынған талдау нәтижелері бойынша тізбекті байланысты көруге болады. Яғни, балықтардың өсу көрсеткіштерінің жоғары болуы негізгі рационға қосылған «Цеобалық» пребиотигінің

мөлшеріне тәуелді болғанын айқындайды. Балықтардың өсімі бойынша ең жоғарғы көрсеткіш үшінші топқа, яғни 10% пребиотикті қолданған топқа тиесілі болды. Алайда, балықтардың өмір сүру қабілеттілігі бойынша жоғары нәтижені екінші топ көрсетті. Бұл көрсеткіш бақылау тобымен салыстырғанда 9%-ға, ал үшінші топпен салыстырғанда 7%-ға жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижесіне сүйене отырып, қолданылған пребиотикалық азықтық қоспа балықтардың өсу көрсеткіштерімен қатар тұрақтылығын да сақтауға көмектесе алады.

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысымыздың қорытындысы бойынша «Цеобалық» пребиотигін жайын балықтарының негізгі ас үлесіне қосу арқылы азықтандыру кезінде балықтардың салмағының өсу көрсеткіштерімен өмір сүру қабілеті айтарлықтай артты. Сонымен қатар, жайын балықтарының абсолютті және салыстырмалы өсімі бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болды. Сондықтан, «Цеобалық» пребиотигін балықтардың рационына 5% мөлшерде қосымша азықтық қоспа ретінде қолдану оңтайлы деп санаймыз.

### Алғыс айту

Мақаланың авторлары «TENGRYFISH» ЖШС-не тәжірибелік зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндік бергені үшін алғыс білдіреді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Naylor R. L. et al. Effect of aquaculture on world fish supplies [Text] / Nature. – 2000. – № 405 (6790). – P. 1017-1024.
- 2 Коноваленко Л. Ю. Перспективные направления научных исследований в области аквакультуры [Текст] / Научно-информационное обеспечение инновационного развития АПК. – 2019. – С. 48-52.
- 3 За развитием аквакультуры в Казахстане – будущее. [Электронный ресурс]. – URL: <https://rybprom.kz/news/za-razvitiem-akvakulturyi-v-kazaxstane-%E2%80%93-budushhee> (дата обращения 08.07.2022)
- 4 Раупова М. Х., Алимова Л. Х. Корм и кормление рыб [Текст] / Наука, образование и культура. – 2019. – № 2 (36). – С. 11-12.
- 5 Blidariu F. et al. Increasing the economical efficiency and sustainability of indoor fish farming by means of aquaponics-review [Text] / Animal science and biotechnologies. – 2011. – №44(2). – P. 1-8.
- 6 Фатталахи М. Весовой и линейный рост африканского сома (*Clarias gariepinus* Burchell) в зависимости от факторов среды и качества корма [Текст] / Рыбоводство и рыбное хозяйство. – 2008. – №1. – С. 42-53.
- 7 Nates S. F. (ed.). Aquafeed formulation. [Text]: – Academic Press, 2015.
- 8 Лагуткина Л. Ю. Перспективное развитие мирового производства кормов для аквакультуры: альтернативные источники сырья [Текст] / Вестник Астраханского государственного технического университета. Серия: Рыбное хозяйство. – 2017. – № 1. – С. 67-78.
- 9 Føre M. et al. Precision fish farming: A new framework to improve production in aquaculture [Text] / Biosystems engineering. – 2018. – №173. – P. 176-193.
1-кесте. Топырақтағы N-NO<sub>3</sub>, P<sub>2</sub>O<sub>5</sub>, K<sub>2</sub>O мөлшеріне тыңайтқыштардың әсері, мг/кг топырақ

Енгізілді, ә.е.з. кг/га	N-NO <sub>3</sub> (0-40 см)			P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> (0-20 см)			K <sub>2</sub> O (0-20 см)		
	2018	2019	2020	2018	2019	2020	2018	2019	2020
«О»	9,0	8,8	8,3	10,7	12,9	15,3	834	978	824
P <sub>90</sub>	9,6	10,1	10,7	22,7	19,5	25,2	854	986	818
P <sub>90</sub> N <sub>30</sub>	13,2	12,1	13,2	22,8	19,5	24,9	848	917	840
P <sub>90</sub> N <sub>60</sub>	16,7	16,5	17,3	27,8	19,3	24,4	853	932	846
P <sub>90</sub> N <sub>90</sub>	20,5	21,2	21,4	34,9	19,4	24,8	856	905	830
N <sub>30</sub>	12,5	12,0	12,9	11,6	11,8	14,9	843	457	828

Топырақтың фосформен табиғи қамтамасыз етілу деңгейі төмен [24] – 0-20 см топырақ қабатында – 10,7-15,3 мг/кг болды. Р90 нұсқасында ол орташа қамтамасыз ету деңгейіне – 19,5-25,2 мг/кг жетті.

Калийдің мөлшері өте жоғары деңгейде болды 0-20 см қабатта – 800-900 мг/кг. Тыңайтқыштарды енгізу оның деңгейіне әсер еткен жоқ.

Зерттеулер көрсеткендей, топырақтағы қоректік заттардың, атап айтқанда, минералды тыңайтқыштарды енгізуге байланысты, азот мөлшерінің өзгеруі жасымықтың «Вехов-

ская» сұрыпының өнімділігіне айтарлықтай әсер етті, (кесте – 2). Бақылау нұсқасында (тыңайтқыштар енгізілмеген нұсқа) өнімділік 2018 жылы – 16,7 ц/га, өте құрғақ 2019 жылы – бары 3,8 ц/га, 2020 жылы – 19,9 ц/га құрады. Фосфор тыңайтқыштарын (Р90) енгізу, жасымық өнімділігінің артуына әкелді. Р90 нұсқасында өнімділік 2018 жылы – 7,0 ц/га, 2019 жылы – 0,4 ц/га, 2020 жылы – 5,4 ц/га артты. Бақылау нұсқасымен салыстырғанда, ең аз өсім өте құрғақ 2019 жылы байқалды – 11%, ең жоғары 2018 жылы – 41%.

2 – кесте. Жасымықтың «Веховская» сұрыпының өнімділігіне тыңайтқыштардың әсері, ц/га.

Енгізілді, кг ә.ә.з./га	2018 жыл			2019 жыл			2020 жыл		
	Өнімділік, ц/га	Қосымша түзілген өнім		Өнімділік, ц/га	Қосымша түзілген өнім		Өнімділік, ц/га	Қосымша түзілген өнім	
		ц/га	%		ц/га	%		ц/га	%
«О»	16,7	-	100	3,8	-	100	19,9		100
P <sub>90</sub>	23,7	7,0	141	4,2	0,4	111	25,3	5,4	127
P <sub>90</sub> N <sub>30</sub>	24,7	8,0	147	4,2	0,4	111	26,6	6,7	134
P <sub>90</sub> N <sub>60</sub>	25,0	8,3	149	3,9	0,1	103	29,1	9,2	146
P <sub>90</sub> N <sub>90</sub>	26,4	9,7	158	4,0	0,2	105	27,4	7,5	138
N <sub>30</sub>	18,0	1,3	107	4,7	0,9	124	22,9	3,0	115
орташа	22,4	6,9		4,1	0,4		25,2	6,4	
НСР <sub>0,95</sub>		1,5			0,31			1,08	
m, %		3,4			0,15			1,36	

Азот тыңайтқыштарын енгізу тек фосфор тыңайтқыштарын (P<sub>90</sub>) енгізумен салыстырғанда өнімділікті айтарлықтай арттырды, бұл азотпен қоректену жағдайының жақсаруымен байланысты.

Фосфор тыңайтқыштарымен қоса енгізілген азот тыңайтқыштарының тиімділігі, жылдың гидротермиялық жағдайларына байланысты әр түрлі болды. Мәселен, 2018 жылы азот тыңайтқыштарының тиімділігі 1 ц/га (N<sub>30</sub>) - 2,7 ц/га (N<sub>90</sub>) аралығында болса, 2019 жылы олар тиімсіз болды. Гидротермиялық жағдайы бойынша қолайлы 2020 жылы, P<sub>90</sub> нұсқасында 25,3 ц/га P<sub>90</sub>N<sub>60</sub> нұсқасында 29,1 ц/га-ға дейін ең жоғары өнімділік қалыптасты, мұнда топырақта азоттың 10,7 мг/кг-нан 17,3 мг/кг-ға дейін артуына байланысты, азот тыңайтқыштарынан қосымша түзілген өнім 3,8 ц/га жетті. Азоттың одан әрі 90 кг-ға (21,4 мг/кг) дейін артуы өнімділіктің 1,7 ц/га төмендеуіне әкелді. Бұл, азоттың топырақта


жоғары мөлшерде болуы, өнімділікті төмендететінін, ал жасымықтың «Веховская» сұрыпы үшін топырақтың 0-40 см қабаттағы азоттың оңтайлы мөлшері 17 мг/кг деңгейінде болатынын дәлелдейді.

Таза азот тыңайтқыштары (N<sub>30</sub>) жыл жағдайына байланысты 0,9-дан 3,0 ц/га-ға дейін қосымша өсім қалыптастырды, бұл «Веховская» сұрыпының азот тыңайтқыштарын енгізуге жақсы жауап қайтаратынын көрсетеді. Алайда, зерттеулер көрсеткендей, өсімдіктердің қоректенуін басқару, жоғары және сапалы өнім алу үшін, тек азоттың ғана емес, сонымен қатар фосфордың оңтайлы деңгейін және олардың өзара қатынасын білу өте маңызды [24].

Алдыңғы зерттеулер көрсеткендей, максималды мүмкін болатын өнімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін, «Веховская» сұрыпы үшін фосфордың оңтайлы деңгейі 28 мг/кг құрайды [25].

### Талқылау

Жасымықтың «Веховская» сұрыпы топырақтағы азот мөлшерінің белгілі-бір деңгейге дейін артуына жақсы жауап береді. Топырақтағы нитратты азот мөлшері мен жасымықтың өнімділігі арасында жоғары сандық байланыс пен корреляция анықталды (R=0,81; R=0,96) (суреттер 2, 3).



Сурет 2 - Жасымықтың "Веховская" сұрыпының өнімділігі мен топырақтың 0-40см қабатындағы N - NO<sub>3</sub> мөлшерінің қатынасы, 2018 ж, R = 0,81

Ең жоғары өнімділік – 17,3 мг N-NO<sub>3</sub>/кг топырақ деңгейінде түзілді. Азоттың деңгейі жоғары нұсқаларда өнімділік төмендеді. Бұл жасымықтың «Веховская» сұрыпы үшін 0-40 см қабатында 15-17 мг N-NO<sub>3</sub>/кг топыраққа оңтайлы екенін көрсетеді.

Алынған мәліметтер фосфор мен азоттың оңтайлы қатынасы 1,5-1,7 шегінде екенін көрсетеді.

$$DN = (N_{\text{оңт}} - N_{\text{нақ}}) \times 7,5 \times \text{ПКҚылғ}, \quad (1)$$

мұндағы N<sub>оңт</sub> – дақылға азоттың анықталған оңтайлы деңгейі,

N<sub>нақ</sub> – топырақтағы азоттың нақты мөлшері, 7,5 – топырақтағы 1 мг N-NO<sub>3</sub> тыңайтқыш эквиваленті.


ПКҚылғ – ауылшаруашылық жылындағы жауын-шашын мөлшері : 175 (стандартты жауын-шашын – тұрақты шама) формуласымен анықталады [24].

Жасымықтың «Веховская» сұрыпы үшін азот тыңайтқыштарын енгізу мөлшерін, оған белгіленген, топырақтың 0-40 см қабатындағы нитратты азоттың оңтайлы деңгейіне сүйене отырып, келесі формула бойынша анықтаға болады:

$$DN = (15 - N_{\text{нақ}}) \times 7,5 \times \text{ПКҚылғ}.$$

Азот тыңайтқыштарын қолдану, өте қымбат фактор, сондықтан қолданылатын тыңайтқыштардың тиімділігін бағалау өте маңызды.


4 -суретте, енгізілген 1 кг ә.е.з. тыңайтқыштардан түзілген қосымша өнім келтірілген. Ең жоғары нәтиже 1 кг ә.е.з. фосфор - 6,0-7,7 кг қосымша астық көрсеткен (4 -сурет).



Сурет 3 - Жасымықтың "Веховская" сұрыпының өнімділігі мен топырақтың 0-40см қабатындағы N - NO<sub>3</sub> мөлшерінің қатынасы, 2020 ж, R = 0,96

Жасымықтың «Веховская» сұрыпы үшін алғаш рет максималды өнімділік қалыптастыратын – 15-17 мг N-NO<sub>3</sub>/кг топыраққа нитратты азотының оңтайлы деңгейі анықталды, бұл В.Г. Черненконың азот тыңайтқыштарының дозасын анықтау үшін, оңтайландыру формуласын (1) қолдануға мүмкіндік береді:





4-сурет. Жасымыққа енгізілген минералды тыңайтқыштардың өтелуі

Азотты-фосфорлы нұсқаларда шығындардың ең жоғары өтелуі  $P_{90}N_{30}$  нұсқасында 2018 жылы – 6,7 кг/кг ә.е.з. және 2020 жылы  $P_{90}N_{60}$  нұсқасында – 6,1 кг/кг ә.е.з. алынды. Тыңайтқыштар енгізілген жоғары нұсқаларда шығындардың өтелуі 5,4-тен 2,3 кг/кг-ға дейін төмендейді. Барлық зерттелген дозаларда тыңайтқыштардың ең аз өтелуі 2020 жылы  $N_{30}$  нұсқасында алынды, бар болғаны – 1,0 кг/кг ә.е.з. Оның себебі,

топырақтағы фосфордың төмен деңгейі салдарынан, жасымықтың азотты аз мөлшерде пайдалануында.

Азот тыңайтқыштары бойынша шығындардың өтелуі 2020 жылы  $P_{90}N_{30}$  – 4,3 кг/кг ә.е.з. және  $P_{90}N_{60}$  – 6,3 кг/кг ә.е.з. нұсқаларында ең жоғары болды.

Азот тыңайтқыштары өнімділікті арттырумен қатар, тұқымның химиялық құрамы мен сапасына айтарлықтай әсер етті, (3- кесте).

3-кесте. Тыңайтқыштардың жасымық тұқымдарындағы химиялық құрамына және сапасына әсері, (2018-20 жж. орташа көрсеткіш), %.

Енгізілді, кг ә.е.з./га	N	$P_2O_5$	$K_2O$	Ақуыз
«О»	3,23	1,35	2,58	18,07
$P_{90}$	3,39	1,47	2,58	19,00
$P_{90}N_{30}$	3,49	1,53	2,59	19,53
$P_{90}N_{60}$	3,56	1,53	2,68	19,93
$P_{90}N_{90}$	3,64	1,45	2,55	20,40
$N_{30}$	3,41	1,22	2,59	19,13
орташа	3,46	1,43	2,60	19,34

3-кестеде, топырақта азот мөлшерінің жоғарылауымен дәндегі азот пен ақуыз мөлшерінің жоғарылғаны көрсетілген: азот концентрациясы 3,2-ден 3,6%-ға дейін, ақуыз мөлшері 18-ден 20%-ға дейін. Тіпті таза азотты нұсқада ( $N_{30}$ ), оның деңгейі бақылау нұсқасынан жоғары болды.

Фосфорлы нұсқада ( $P_{90}$ ) азоттың жоғары болуы (3,23-3,39%) байқалды. Бұл  $P_{90}$  ам-

мофос түрінде енгізілгенімен байланысты. Оның құрамында 10-12% азот бар. Яғни, аммофостағы 90 кг  $P_2O_5$  ә.е.з.-мен 9-10 кг N енгізілді, бұл да химиялық құрамға әсер етті.

Азотпен қоректену жағдайларының жақсаруы, өсімдіктің фосфор сіңіруін арттырды, калийдің мөлшері бір қалыпты.

Тыңайтқыштарды қолданудың экономикалық тиімділігі 4 – кестеде көрсетілді.

4-кесте. Жасымықтың «Веховская» сұрыпын өсіруде азот тыңайтқыштарын қолданудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштері

Енгізілді, кг ә.е.з./га	Қосымша түзілген өнім, ц/га	Қосымша түзілген өнім құны, тг	Тыңайтқыштарды енгізуге кеткен шығындар, тг/га	Шартты таза табыс, тг/га	Шығындардың өтелуі, тг	Рентабельділік, %
2018 жыл						
P <sub>90</sub>	7,0	77000	6900	70100	11,15	1015
P <sub>90</sub> +N <sub>30</sub>	+1,0	+11000	+4437	+6963	+2,47	+147
P <sub>90</sub> +N <sub>60</sub>	+1,3	+14300	+7323	+6977	+1,95	+95
P <sub>90</sub> +N <sub>90</sub>	+2,7	+29700	+12260	+16440	+2,34	+134
N <sub>30</sub>	1,3	14300	4437	9863	3,23	222
2020 жыл						
P <sub>90</sub>	5,4	70200	7313	62888	9,6	860
P <sub>90</sub> +N <sub>30</sub>	+1,3	+16900	+7560	+9340	+2,23	+123
P <sub>90</sub> +N <sub>60</sub>	+3,8	+49400	+15660	+33740	+3,15	+215
P <sub>90</sub> +N <sub>90</sub>	+2,1	+27300	+23220	+4080	+1,18	+18
N <sub>30</sub>	3,0	39000	7560	31440	5,2	416

Ескерту: өте құрғақ 2019 жылы азот тыңайтқыштарының әсері болмады.

Жасымық өндірісінің өзіндік құны минералды тыңайтқыштарды қолдану есебінен өсті, ал азот тыңайтқыштарынан шығындарының максималды мәні P<sub>90</sub>N<sub>90</sub> нұсқасында байқалып, 12,2 және 23,2 мың теңге/га құрады.

Азот тыңайтқыштары енгізілген нұсқалардағы өнімділіктің артуына байланысты шартты түрде таза табыс та өсті, бірақ шығындардың өтелу мен рентабельділік P<sub>90</sub> нұсқасынан төмен болды. Бұл тәжірибелердегі

азот тапшылығының, фосфорға қарағанда айтарлықтай төмен болғанын және 2018 жылы қосымша өнімнің 1,0 ц-ден 2,7 ц-ге, ал 2020 жылы 1,3 ц-ден 3,8 ц/га-ға дейін өскенін және шығындардың өтелуінің 5,2 теңге деңгейінде болғанын көрсетеді.

Зерттеулер көрсеткендей, азот тыңайтқыштарының тиімділігі топырақтағы азоттың жетіспеушілігіне ғана емес, фосфордың деңгейіне де байланысты.

### Қорытынды

Солтүстік Қазақстанның құрғақ дала аймағының кара-қоңыр карбонатты, жеңіл балшықты топырақтарында, 2018-2020 жылдары аралығында жүргізілген зерттеулер, жасымықтың «Веховская» сұрыпы өнімділігі мен әлеуеті жоғары және минералды қоректенуін оңтайландыру арқылы 25 ц/га және одан да жоғары, әрі сапалы өнім бере алатынын сұрып екенің көрсетті.

Ең жоғары өнімділік – 29,1 ц/га P90N60 нұсқасында, 0-40 см топырақ қабатындағы нитраты азот мөлшері – 17,3 мг N-NO<sub>3</sub>/кг деңгейінде алынды. Топырақтағы азоттың бұл деңгейі өсімдіктердің дамуы үшін оңтайлы болды, ол корреляциялық талдаумен расталған,

2, 3-суреттер.

Азот тыңайтқыштарын қолдану ақуыз мөлшерінің айтарлықтай өсуіне әкелді, алайда топырақтағы фосфордың деңгейін ескермеу, азот тыңайтқыштарының тиімділігін төмендетеді.

Жасымық үшін азот тыңайтқыштарын, топырақтағы фосфордың деңгейін және азот пен фосфор арасындағы оңтайлы қатынасын 1:1,5-1,7 ескере отырып қолданған жөн. Бұл өндірістен тыс шығындарды және өнім бірлігінің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік беріп, ең жоғары шартты таза табыс пен өндірістің рентабельділігі мен шығынның өтелуін қамтамасыз етеді.

**Қаржыландыру туралы ақпарат**

Зерттеу грантты қаржыландыру жобасы AP05133069 «Қазақстанның құрғақ дала аймағы үшін перспективалы жасымдық сорттарының олар үшін оңтайлы болып табылатын топырақтың агрохимиялық қасиеттерінің параметрлерін және оларға қол жеткізу жолдарын анықтау негізінде өнімділік әлеуетін іске асыру әдістерін әзірлеу және енгізу, астық өндірісін әртараптандыру жағдайында олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету» аясында жүргізілді (Жоба жетекшісі: ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Черненко В.Г.).

**Әдебиеттер тізімі**

1 Hosseinzadeh S. R., Ahmadpour R. Evaluation of vermicompost fertilizer application on growth, nutrient uptake and photosynthetic pigments of lentil (*Lens culinaris* Medik.) under moisture deficiency conditions [Text] / S. R. Hosseinzadeh, R. Ahmadpour // *Journal of Plant Nutrition*. - 2018. – № 41(10). - P. 1276–1284. DOI: 10.1080/01904167.2018.1450419.

2 Yadav S. S. Uses and consumption Lentil [Text] / An ancient crop for modern times // P. C. Stevenson, A. H. Rizvi, M. Manohar, S. Gailing, G. Mateljan, S.S. Yadav, D. L. McNeil, P.C. Stevenson. Spring, Dordrecht, The Netherlands. – 2007. - P. 33 – 46.

3 Adsule R. N. Handbook of World Food Legumes: Nutritional Chemistry, Processing Technology, and Utilization [Text] / Lentil, S. S. Kadam, H. K. Leung, D. K. Salunkhe, S.S. Kadam, eds. // CRC Press, Florida, USA, -1989. -Vol.2. -P. 133–152.

4 Turk M. A., Tawaha A. M., El-Shatnawi M. K. J. Response of lentil (*Lens culinaris* Medik) to plant density, sowing date, phosphorus fertilization and ethephon application in the absence of moisture stress [Text] / M. A. Turk, A. M. Tawaha, M. K. J. El-Shatnawi // *Journal of Agronomy and Crop Science*. -2003. –№ 189(1). - P. 1–6. DOI: 10.1046/j.1439-037X.2003.00002.x

5 Zafar M., Effect of plant growth-promoting rhizobacteria on growth, nodulation and nutrient accumulation of lentil under controlled conditions [Text] / M. Zafar, M. K. Abbasi, M. A. Khan, A. Khaliq, T. Sultan, M. Aslam // *Pedosphere*. - 2012. – № 22(6). - P. 848–859. DOI: 10.1016/S1002-0160(12)60071-X.

6 Есаулко А. Н., Галда Д. Е. Влияние минеральных удобрений на агро-химические показатели чернозема и продуктивность чечевицы в условиях Ставропольского края [Текст] / А. Н. Есаулко, Д. Е. Галда // *Плодородие*. - 2016. - № 6(93). - С. 21–23.

7 Шляпина М. С., Гладков Д. В. Влияние органических удобрений на величину листовой поверхности и урожайность чечевицы [Текст] / М. С. Шляпина, Д. В. Гладков // *Вестник НГАУ (Новосибирский государственный аграрный университет)*. - 2016. -№ 2(39). - С. 54–59.

8 McNeil D. L. Rhizobium management and nitrogen fixation lentil. [Text] / Yadav S. S. (Ed.) // *An ancient crop for modern times*. - 2007. -P. 127–143.

9 Erskine W. The lentil: botany production and uses. [Text] / W. Erskine, F. J. Muehlbauer, A. Sarker, B. Sharma // Wallingford: CAB International. - 2009. – 447 p.

10 Quinn M. A. Biological nitrogen fixation and soil health improvement [Text] / W. Erskine, F. J. Muehlbauer, A. Sarker, B. Sharma, editors // *The lentilbotany, production and uses*. Wallingford: Comm. Agric. Bureau. Int. -2009. -P. 229–47.

11 Вошедский Н. Н., Кулыгин В. А. Влияние элементов технологии возделывания на урожайность чечевицы в богарных условиях Ростовской области [Текст] / Н. Н. Вошедский, В. А. Кулыгин // *Достижения науки и техники АПК*. - 2020. – №34(11). - С. 43–47. DOI: 10.24411/0235-2451-2020-11106.

12 Мусынов К. М. Особенности технологии возделывания чечевицы в условиях Северного Казахстана [Текст] / К. М. Мусынов, А. А. Кипшакбаева, Б. К. Аринов, Е. А. Утельбаев, Б. Б. Барбарбаев // *Вестник Алтайского государственного аграрного университета*. - 2017. - № 9 (155). - С. 14–18.

13 Гринев А. Чечевица в Северном Казахстане [Текст]: / А. Гринев // *Аграрные технологии*. - 2018. - №3. - С. 20–23.

14 Ошергина И. П., Тен Е. А. Оценка перспективных сортообразцов и линий чечевицы в условиях Северного Казахстана [Текст] / И. П. Ошергина, Е. А. Тен // *Селекция и семеноводство*. - 2020. -№ 4 (94). - С. 58–62.

15 Государственный реестр селекционных достижений, рекомендованных к использованию в Республике Казахстан (в редакции приказа Министра сельского хозяйства РК от 03.04.2020 № 112) [электронный ресурс]. – 2022. - URL: <https://sortcom.kz/%d0%a7%d0%b5%d1%87%d0%b5%d0%b2%d0%b8%d1%86%d0%b0/> (дата обращения: 01.10. 2022).

16 Валовой сбор сельскохозяйственных культур в Республике Казахстан за 2021 год [электронный ресурс]. – 2022. - URL: Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5> (дата обращения: 01.10. 2022).

17 Сорт Веховская [электронный ресурс]. – 2022. - URL: <https://agro-bursa.ru/gazeta/sorta-bridy/2018/04/16/chechevica-sort-vekhovskaya.html> (дата обращения: 01.10. 2022)

18 Куришбаев А. К, Айтуганов К. К., Нукешев С. О. Рекомендации по проведению весенне-полевых работ в Акмолинской области в 2020 году [Текст] / А. К. Куришбаев, К. К. Айтуганов, С. О. Нукешев и др. – Нур-Султан. КазАТУ им. С. Сейфуллина. – 2020. –С. 69.

19 ГОСТ 28268-89. Межгосударственный стандарт. Почвы. Методы определения влажности, максимальной гигроскопической влажности и влажности устойчивого завядания растений.

20 ГОСТ 26205-91. Государственный стандарт. Почвы. Определение подвижных соединений фосфора и калия по методу Мачигина в модификации ЦИНАО.

21 Мудрых Н. М., Алёшин М. А. Пособие к лабораторным занятиям по агрохимии [Текст] / Н. М. Мудрых, М.А. Алёшин – Пермь. ФГБОУ ВПО Пермская ГСХА. – 2011. –С. 52.

22 Доспехов Б. А. Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований). - 5-е изд., доп. и перераб. [Текст] : учебник для вузов / Б. А. Доспехов. - М.: Агропромиздат, -1985. – 351 с.

23 Меньшиков Н. Ф. и др. Эффективность применения минеральных удобрений [Текст] / Н. Ф. Меньшиков - М.: Колос, -1981. – С.128.

24 Черненко В. Г. Научные основы и практические приемы управления плодородием почв и продуктивностью культур в Северном Казахстане [Текст] : монография / В. Г. Черненко - Астана, -2009. – 66 с.

25 Жанзаков Б.Ж., Черненко В.Г., Персикова Т.Ф. Влияние условий фосфорного питания на продуктивность и качество чечевицы разновидностей сорта «Веховская» [Текст] / Б.Ж. Жанзаков, В.Г. Черненко, Т.Ф. Персикова // Вестник Белорусской государственной сельскохозяйственной академии. – 2021. - №2. – С. 141-146.

## References

1 Hosseinzadeh S. R., Ahmadpour, R. Evaluation of vermicompost fertilizer application on growth, nutrient uptake and photosynthetic pigments of lentil (*Lens culinaris* Medik.) under moisture deficiency conditions [Text] / S. R. Hosse-inzadeh, R. Ahmadpour // Journal of Plant Nutrition. - 2018. – № 41(10). - P. 1276–1284. DOI: 10.1080/01904167.2018.1450419.

2 Yadav S. S. Uses and consumption Lentil [Text] / An ancient crop for modern times // P. C. Stevenson, A. H. Rizvi, M. Manohar, S. Gailing, G. Mateljan, S.S. Yadav, D. L. McNeil, P.C. Stevenson. Spring, Dordrecht, The Netherlands. – 2007. - P. 33 – 46.

3 Adsule R. N. Handbook of World Food Legumes: Nutritional Chemistry, Processing Technology, and Utilization [Text] / Lentil, S. S. Kadam, H. K. Leung, D. K. Salunkhe, S.S. Kadam, eds. // CRC Press, Florida, USA, -1989. -Vol.2. -P. 133–152.

4 Turk M. A., Tawaha A. M., El-Shatnawi M. K. J. Response of lentil (*Lens culinaris* Medik) to plant density, sowing date, phosphorus fertilization and ethephon application in the absence of moisture stress [Text] / M. A. Turk, A. M. Tawaha, M. K. J. El-Shatnawi // Journal of Agronomy and Crop Science. -2003. –№ 189(1). - P. 1–6. DOI: 10.1046/j.1439-037X.2003.00002.x

5 Zafar M., Effect of plant growth-promoting rhizobacteria on growth, nodulation and nutrient accumulation of lentil under controlled conditions [Text] / M. Zafar, M. K. Abbasi, M. A. Khan, A. Khaliq, T. Sultan, M. Aslam // Pe-dosphere. - 2012. – № 22(6). - P. 848–859. DOI: 10.1016/ S1002-0160(12)60071-X.

- 6 Esaulko A. N., Galda D. E. Vliyanie mineral'nyh udobrenij na ag-rohimicheskie pokazateli chernozema i produktivnost' chechevicy v usloviyah Stavropol'skogo kraja [Tekst] / A. N. Esaulko, D. E. Galda // Plodorodie. - 2016. - № 6(93). - S. 21–23.
- 7 Shlyapina M. S., Gladkov D. V. Vliyanie organicheskikh udobrenij na velichinu listovoj poverhnosti i urozhajnost' chechevicy [Tekst] / M. S. Shlyapina, D. V. Gladkov // Vestnik NGAU (Novosibirskij gosudarstvennyj agrarnyj universitet). - 2016. - № 2(39). - S. 54–59.
- 8 McNeil D. L. Rhizobium management and nitrogen fixation lentil. [Text] / Yadav S. S. (Ed.) // An ancient crop for modern times. - 2007. - R. 127–143.
- 9 Erskine W. The lentil: botany production and uses. [Text] / W. Erskine, F. J. Muehlbauer, A. Sarker, B. Sharma // Wallingford: CAB International. - 2009. - 447 p.
- 10 Quinn M. A. Biological nitrogen fixation and soil health improvement [Text] / W. Erskine, F. J. Muehlbauer, A. Sarker, B. Sharma, editors // The lentil-botany, production and uses. Wallingford: Comm. Agric. Bureau. Int.- 2009. - P. 229–47.
- 11 Voshedskij N. N., Kulygin V. A. Vliyanie elementov tekhnologii vozdelevaniya na urozhajnost' chechevicy v bogarnyh usloviyah Rostovskoj oblasti [Tekst] / N. N. Voshedskij, V. A. Kulygin // Dostizheniya nauki i tekhniki APK. - 2020. - №34(11). -S. 43–47. DOI: 10.24411/0235-2451-2020-11106.
- 12 Musynov K. M. Osobennosti tekhnologii vozdelevaniya chechevicy v usloviyah Severnogo Kazahstana [Tekst] / K. M. Musynov, A. A. Kipshakbaeva, B. K. Arinov, E. A. Utel'baev, B. B. Bazarbaev // Vestnik Altajskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. -2017. -№ 9 (155). -S. 14–18.
- 13 Grinec A. Chechevica v Severnom Kazahstane [Tekst] / A. Grinec // Agrarnye tekhnologii. - 2018. - №3. - S. 20–23.
- 14 Oshergina I. P., Ten, E. A. Ocenka perspektivnyh sortoobrazcov i linij chechevicy v usloviyah Severnogo Kazahstana [Tekst]: / I. P. Oshergina, E. A. Ten // Selekcija i semenovodstvo. - 2020. - № 4 (94). - S. 58–62.
- 15 Gosudarstvennyj reestr selekcionnyh dostizhenij, rekomendovan-nyh k ispol'zovaniyu v Respublike Kazahstan (v redakcii prikaza Ministra sel'skogo hozyajstva RK ot 03.04.2020 № 112) [elektronnyj resurs]. -2022. - URL: <https://sortcom.kz/%d0%a7%d0%b5%d1%87%d0%b5%d0%b2%d0%b8%d1%86%d0%b0/> (data obrashcheniya: 01.10. 2022).
- 16 Valovyy sbor sel'skohozyajstvennyh kul'tur v Respublike Kazahstan za 2021 god [elektronnyj resurs]. - 2022. - URL: [Byuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5](https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5) (data ob-rashcheniya: 01.10. 2022).
- 17 Sort Vekhovskaya [elektronnyj resurs]. - 2022. - URL: <https://agro-bursa.ru/gazeta/sorta-gibridy/2018/04/16/chechevica-sort-vekhovskaya.html> (da-ta obrashcheniya: 01.10. 2022)
- 18 Kurishbaev A. K., Ajtuganov K. K., Nukeshev S. O. Rekomendacii po provedeniyu vesenne-polevyh rabot v Akmolinskoj oblasti v 2020 godu [Tekst] / A. K. Kurishbaev, K. K. Ajtuganov, S. O. Nukeshev i dr. - Nur-Sultan. KazATU im. S. Sejfullina. - 2020. - S. 69.
- 19 GOST 28268-89. Mezhhgosudarstvennyj standart. Pochvy. Metody opredeleniya vlazhnosti, maksimal'noj gigroskopicheskoj vlazhnosti i vlazhnosti ustojchivogo zavyadaniya rastenij.
- 20 GOST 26205-91. Gosudarstvennyj standart. Pochvy. Opredelenie podvizhnyh soedinenij fosfora i kaliya po metodu Machigina v modifika-cii CINA0.
- 21 Mudryh N. M., Alyoshin M. A. Posobie k laboratornym zanyatiyam po agrohimii [Tekst] / N. M. Mudryh, M.A. Alyoshin - Perm'. FGBOU VPO Permskaya GSKHA. - 2011. - S.52.
- 22 Dospekhov B. A. Metodika polevogo opyta (s osnovami statisticheskoj obrabotki rezul'tatov issledovanij). - 5-e izd., dop. i pererab. [Tekst] : uchebnik dlya vuzov / B. A. Dospekhov. - M.: Agropromizdat, -1985. - 351 s.
- 23 Men'shikov N. F. i dr. Effektivnost' primeneniya mineral'nyh udobrenij [Tekst] / N. F. Men'shikov - M.: Kolos, -1981. - S.128.
- 24 Chernenok V. G. Nauchnye osnovy i prakticheskie priemy upravleniya plodorodiem pochv i produktivnost'yu kul'tur v Severnom Kazahstane [Tekst]: monografiya / V. G. Chernenok - Astana, -2009. - 66 s.
- 25 Zhanzakov B.Zh., Chernenok V.G., Persikova T.F. Vliyanie uslovij fosfornogo pitaniya na produktivnost' i kachestvo chechevicy raznovidnostej sorta «Vekhovskaya» [Tekst] / B.Zh. Zhanzakov, V.G. Chernenok, T.F. Persikova // Vestnik Belorusskoj gosudarstvennoj sel'skohozyajstvennoj akademii. - 2021. - №2. - S. 141-146.



**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ ЧЕЧЕВИЦЫ СОРТА «ВЕХОВСКАЯ»  
НА ТЕМНО-КАШТАНОВЫХ ПОЧВАХ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ФОНА  
МИНЕРАЛЬНОГО ПИТАНИЯ И АЗОТНЫХ УДОБРЕНИЙ**

***Жанзаков Бахтияр Жетписпаевич***

*Докторант*

*Научно-производственный центр зернового хозяйства имени А.И. Бараева*

*Шортандинский р-н, Казахстан*

*E-mail: baha\_zhan93@mail.ru*

*Черненко Валентина Григорьевна*

*Доктор сельскохозяйственных наук, профессор*

*Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина*

*г. Астана, Казахстан*

*E-mail: chernenok2@mail.ru*

**Аннотация**

Актуальность работы вызвана необходимостью оптимизации условий азотного питания при возделывании чечевицы на темно-каштановых почвах Акмолинской области. Опыты закладывались в АО «АФ «Актык» в 2018-2020 гг. Цель исследований – оптимизация условий азотного питания и применение удобрений для повышения продуктивности чечевицы сорта «Веховская». Установлено, что на урожайность чечевицы сорта «Веховская» оказывают существенное влияние исходное содержание питательных элементов в почве и азотные удобрения. Максимальная прибавка урожая была получена по фону  $P_{90}N_{60}$  - 9,2 ц/га. Применение азотных удобрений ведет к существенному повышению содержания белка. Совместное применение азотных и фосфорных удобрений приводит к существенному повышению содержания белка по сравнению с внесением только фосфорных или азотных удобрений. Высокая взаимосвязь установлена между содержанием азота нитратов в почве и урожайностью ( $R=0,81; 0,96$ ). Самая высокая урожайность отмечена на фоне  $P_{90}N_{60}$  с содержанием азота нитратов 17,3 мг/кг в слое 0-40 см – 29,1 ц/га в 2020 году. Расчет эффективности применения удобрений показал, что наибольшая окупаемость чечевицы получена при внесении 30 и 60 кг д. в. азот по фону  $P_{90}$  составив соответственно 3,3 и 6,3 кг/кг д. в. Выявлено, что экономически эффективно возделывать чечевицу сорта «Веховская» при доведении азота нитратов в почве на уровень 15-17 мг/кг и соблюдении соотношения с фосфором 1:1,5-1,7, это позволяет получить максимальный условно чистый доход (34 тыс. тг/га) и окупаемость затрат на удобрения (5,2 тг).

**Ключевые слова:** минеральное питание; чечевица; азотные удобрения; урожайность; прибавка урожайности; азот нитратов; оптимальный уровень.

**EFFICIENCY OF CULTIVATION OF LENTIL VARIETIES "VEKHOVSKAYA"  
ON DARK CHESTNUT SOILS DEPENDING ON THE BACKGROUND OF MINERAL  
NUTRITION AND NITROGEN FERTILIZERS**

**Zhanzakov Bakhtiyar Zhetpispaevich**

*Doctoral student*

*Scientific and production center grain farm them. A.I. Baraeva*

*Shortandy district, Kazakhstan*

*E-mail: baha\_zhan93@mail.ru*

*Chernenok Valentina Grigorievna*

*Doctor of agricultural sciences, professor*

*Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin*

*Astana, Kazakhstan*

*E-mail: chernenok2@mail.ru*

**Abstract**

The relevance of the work is substantiated the existing need to optimize nitrogen nutrition for the cultivation of lentils on dark chestnut soils in the Akmola region. The experiments were conducted in JSC AF Aktyk in 2018-2020. The purpose of the research was to optimize the nitrogen nutrition and the use of fertilizers to increase the productivity of "Vekhovskaya" lentils. It has been established that the yield of "Vekhovskaya" lentils was significantly affected by the initial content of nutrients in the soil and nitrogen fertilizers. The maximum yield increase was obtained on the  $P_{90}N_{60}$  treatment - 9.2 dc/ha. The use of nitrogen fertilizers leads to a significant increase in protein content. The combined application of nitrogen and phosphorus fertilizers also leads to a significant increase in protein content compared with the introduction of only phosphorus or nitrogen fertilizers. A high correlation has been established between the content of nitrate nitrogen in the soil and yield ( $R=0.81; 0.96$ ). The highest yield was observed on  $P_{90}N_{60}$  treatment with a nitrogen content of nitrates of 17.3 mg/kg in a layer of 0-40 cm - 29.1 centners/ha in 2020. Efficiency analysis show that the highest payback of lentils was obtained when applying 30 and 60 kg of a.i. nitrogen against the P90 background, which amounts to 3.3 and 6.3 kg/kg a.i., respectively. Thus, it is cost-effective to cultivate lentils of the "Vekhovskaya" variety when soil nitrogen nitrates are in the range of 15-17 mg/kg and in the ratio with phosphorus as 1: 1.5-1,7, this potentially allows to get the max net income (34 thousand tg/ha) and return on the unit of fertilizer cost (5.2 tg).

**Key words:** mineral nutrition; lentils; nitrogen fertilizers; productivity; yield increase; nitrate nitrogen; optimal level.

doi.org/ 10.51452/kazatu.2022.4.1248

ӘОЖ 631.8(574.2)(045)

**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ ТОПЫРАҚТАРДЫҢ КЕЙБІР ҚҰНАРЛЫЛЫҚ  
КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ӨЗГЕРІСІ**

*Кенжегулова Саягуль Олжабаевна*

*Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: saya\_keng@mail.ru*

*Алманова Жанна Сарсембаевна*

*PhD*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: almanova44@mail.ru*

*Кекілбаева Гүлнұр Рахманқызы*

*Биология ғылымдарының кандидаты*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: kekilbaeva@mail.ru*

*Касипхан Ақгул*

*PhD*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: akgul-03@mail.ru*

*Төлеуов Әділбек Өтешұлы*

*Ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: adilbek.uteshovich@mail.ru*

---

**Түйін**

Мақалада Қостанай облысының ауыл шаруашылығында ұзақ мерзім қолданыстағы қара топырақ жамылғысының сипаты мен құнарлылық көрсеткіштерінің табиғи және антропогендік жүктеме әсерінен өзгерісі қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде кәдімгі және оңтүстік қара топырақ типшелерінің қазіргі жағдайы бағаланып, соңғы уақыттарда қара топырақтарды ауыл шаруашылығында экстенсивті пайдалану салдарынан топырақтың мелиоративтік жағдайы нашарлап, эрозияға ұшыраған топырақ аумағының көлемі және басқа да кері үдерістердің артқаны айқындалды.

Кәдімгі қара және оңтүстік қара топырақтарды ауыл шаруашылығында қолданылған 32 жыл уақыт ішінде физикалық-химиялық көрсеткіштері біршама өзгеріске ұшыраған. Беткі қабаттарындағы (0-20) қарашіріндінің мөлшері бастапқы мөлшерінен 0,16% шамасында төмендесе, нитратты азот кәдімгі қара топырақта 21%, жылжымалы фосфор мөлшері 11%, ал оңтүстік қара топырақта нитратты азот 20%, жылжымалы фосфор 20%-ға азайған.

**Кілт сөздер:** оңтүстік қара топырақ; кәдімгі қара топырақ; топырақтың морфологиялық белгілері; ауылшаруашылығы қолданысындағы топырақтар; топырақ кескіні; қарашірінді; қоректік элементтер.

### Кіріспе

Солтүстік Қазақстанда қара топырақтар жоғары потенциалды құнарлылығымен, құрамында қарашіріндінің және қоректік элементтерінің мол қорымен, топырақтың физикалық, физикалық-химиялық қасиеттерінің жақсы болуымен ерекшеленеді.

Ұзақ уақыт бойы ауыл шаруашылығына пайдалану қара топырақтардың қасиеттерінің, құрамдарының, құбылымдарының маңызды өзгеріске ұшырауына әкеледі.

Егістік жерлердің топырақтары бастапқы құнарлылық көрсеткіштерінің төмендеуі салдарынан, табиғи тың жер топырақтарымен салыстырғанда, өзін – өзі реттеу механизмінен айырылған. Топырақ құнарлылығының қалыптасуы өте күрделі және ұзақ уақытқа созылады. Дегенмен, жүйесіз антропогенді әсерлердің салдары қысқа мерзімде топырақтың бұл қасиеттерінің нашарлауына әкеледі [1-8]. Топырақ құнарлылығы шектеулі әлеуетке ие және үлкен қиындықпен қалпына келетінін атап өттік. Сондықтан, осы құнды топырақ қорларын тиімді пайдалануда әрбір жер пайдаланушыдан ұқыпты және ақылға қонымды көзқарасты талап етеді.

Қарашірінді құрамында өсімдіктердің қоректенуі үшін қажетті барлық элементтер шоғырланған, негізгі қоректік орта қызметін

### Материалдар мен әдістер

Зерттеуде қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін, далалық және зертханалық жағдайда, жалпы қабылданған классикалық әдістемелер қолданылды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстың негізгі нысаны ретінде Қостанай облысы Қостанай ауданы Владимировский ауылдық округінің кәдімгі және оңтүстік қара топырақ типшелері алынды. 2021 жылы далалық жағдайда бірнеше топырақ кескіндері қазылып, оның толық генетикалық қабаттары егжей-тегжейлі қолданыстағы әдістемелерге сәйкес сипатталды. Топырақтың агрохимиялық көрсеткіштерін анықтау мақсатында топырақ үлгілері алынды.

Зертханалық жағдайда топырақ құрамындағы қарашірінді, қоректік элементтерді және т.б. топырақтың құнарлылық көрсеткіштерін анықтау үшін агрохимияда жалпы қабылданған әдістер арқылы жүзеге асырылды. Топырақ үлгілеріне «Агроэкологиялық

атқарып қана қоймай, топырақтың физикалық қасиеттерін жақсартады. Қарашіріндінің мөлшері мен құрамына байланысты топырақтың морфологиялық көрсеткіштері, су, ауа, жылу қасиеттері және маңызды физикалық – химиялық қасиеттері қалыптасады [9].

Көптеген зерттеу нәтижелерінде қарашірінді мөлшерінің төмендеуі, топырақтың сіңіру кешенінің алмаспалы негіздермен қанығуы, тиімді топырақ құнарлылығының төмендегені айқындалған. Ауыл шаруашылығында ұзақ мерзім пайдаланудың топыраққа тигізетін әсерін зерттеу өте өзекті мәселе, себебі антропогенді әсерлердің нәтижесінде топырақтың негізгі қасиеттері мен құбылымдарының өзгерісі әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Сондықтан, антропогенді әсерлердің кері ықпалының жағымсыз салдарын қалай жоюға болатындығын түсіну, жақсартудың тиімді шараларын әзірлеу үшін топырақ құнарлылығының негізгі қасиеттерін сандық көрсеткіштерін бағалау қажет.

Зерттеу мақсаты Қостанай облысы Қостанай ауданы қара топырақтарының кейбір құнарлылық көрсеткіштерінің (қарашірінді, NPK, алмаспалы сіңген катиондар құрамы) ұзақ уақыт бойы ауылшаруашылығы қолданысы әсерінен өзгерісін зерттеу.

сынақ орталығының» зертханасында талдаулар келесі әдістермен жүргізілді: рН су сүзіндісі – потенциометриялық әдіспен (МемСТ 26423-85); су сүзіндісінен кальций және магний (МемСТ 26428-85); сіңірілген негіздер жиынтығы трилонометрлік әдіс арқылы (МемСТ 27821-88); қарашірінді И.Тюрин әдісімен (МемСТ 26213-91); нитратты азот потенциометриялық әдіспен; жылжымалы фосфор және алмаспалы калий Мачигин әдісімен (МемСТ 26205-91).

Ұзақ уақыт бойы ауыл шаруашылығында қолданылып келген қара топырақтардың агрохимиялық көрсеткіштерінің өзгерісін анықтау үшін Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының 1989 жылғы мәліметтері алынып, 2021 жылғы топырақ зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен салыстырылды.

### Нәтижелер

Қостанай облысы Қостанай ауданының қара топырақтары әртүрлі шөпті-селеулі өсімдіктер астындағы суайрықтардың салыстырмалы түрде жоғары бөліктерінде қалыптасқан және олар қазіргі уақытта толығымен жыртылған.

Топырақ түзуші жыныстары - құмбалшықты, балшықты гранулометриялық құрамды элювиалды-делювиалды шөгінділері.

Жер асты суларының деңгейі 6 метрден терең, топырақ түзілу үдерісіне әсер жоқ.

А <sub>жырт</sub> 0-18 см	Қоңыр-қара түсті, кесекті-шанды, ауыр құмбалшықты, балғын, борпылдақ, шөптесін өсімдіктердің тамырлары мол, тұз қышқылынан қайнамайды. Келесі қабатқа өтуі – біртіндеп.
В <sub>1</sub> 18-39 см	Күңгірт сұр, кесекті-призмалы, ауыр құмбалшықты, ылғалды, тығыздалған, тамырлар аз, тұз қышқылынан қайнайды. Келесі қабатқа өтуі біртіндеп.
В <sub>2</sub> 39-63 см	Күрең реңді сұр, кесекті, ауыр құмбалшықты, ылғалды, тығыздалған, 45 см тереңдіктен қатты қайнайды. Келесі қабатқа өтуі қарашірінді тілдерінің болуымен біртіндеп.
BC 63-84 см	Сұр-қоңыр, ұсақ кесекті, ауыр құмбалшықты, тығыздалған, ылғалды, карбонаттар ақ дақтар түрінде, тұз қышқылынан қатты қайнайды, келесі қабатқа түсі бойынша біртіндеп өтеді.
C 84-120 см	Сарғыш-күрең түсті, түйіртпексіз, ауыр құмбалшықты, ылғалды, тығыздалған, карбонатты

Топырақ атауы: Сарғыш күрең делювийлі шөгінділерде қалыптасқан ауыр құмбалшықты аз қарашірінділі әлсіз қалыңдықты кәдімгі қара топырақ.

Зерттелген кәдімгі қара топырақ кескінінің жыртылған өңделетін қабатының қалыңдылығы (А<sub>жырт</sub>) 0-18 см, қоңыр-қара түсті, кесекті –шанды түйіртпекті. Кескін бойымен жыртылған қабаттың астындағы В<sub>1</sub> қабаты күңгірт-сұр түсті, кесекті-призмалы түйіртпекті болуымен ерекшеленеді. Қарашірінді қабатының қалыңдылығы (А<sub>1</sub> + В<sub>1</sub>) 39 см тереңдікте, бұл нәтиже топырақтың әлсіз қалыңдықты болуымен бағаланады.

А<sub>жырт</sub> 0-20 см

В<sub>1</sub> 20-42 см

BC 65-87 см

Зерделеген топырақ кескіндерінің морфологиялық сипаттамалары төменде көрсетілген.

Қостанай облысы Қостанай ауданы Владимировский ауылдық округінің сәл көлбеу жазығында (№3 кескін) кәдімгі қара топырақ кескіні егістік жерде салынған.

Аз қарашірінділі әлсіз қалыңдықты кәдімгі қара топырақтың морфологиялық сипаттамасы

Топырақтың тұз қышқылынан қайнауы кескінінің 30 см тереңдігінен байқалса, астыңғы қабаттарда В<sub>2</sub>, BC және C тұз қышқылынан қатты қайнайды және топырақ кескінінің 63 см тереңдігінен карбонаттар дақ түрінде көрінеді. Топырақтың гранулометриялық құрамы кескін бойында ауыр құмбалшықты.

№5 топырақ кескіні Қостанай облысы Қостанай ауданы Владимировский ауылдық округінің әлсіз толқынды жазығының егістік жеріндесалынған. Топырақтың морфологиялық сипаттамасы төменде берілген.

Орташа қалыңдықты оңтүстік қара топырақтың морфологиялық сипаттамасы.

Күңгірт-сұр, кесекті-шанды, ауыр құмбалшықты, әлсіз тығыздалған, балғын, өсімдік тамырлары мол, тұз қышқылынан қайнамайды. Келесі қабатқа түсі бойынша - біртіндеп.

Күңгірт-күрең, кесекті, ауыр құмбалшықты, тығыз, ылғалды, өсімдік тамырлары бар, HС1 тұзынан қайнамайды Келесі қабатқа ауысуы біртіндеп.

Ашық-қоңыр, ұсақкесекті, ауыр құмбалшықты, ылғалданған, тығыз, карбонаттар ақ көздер түрінде берілген, тұз қышқылынан қатты қайнайды. Келесі қабатқа ауысуы - біртіндеп.



С 87-116 см

Топырақ атауы: Сарғыш күрең ауыр құмбалшықты шөгінділерде қалыптасқан аз қарашірінділі орташа қалыңдықты оңтүстік қара топырақ.

Зерттелген оңтүстік қара топырақтың кескіні бірнеше генетикалық қабаттарға бөлінген: Ажырт, В1, В2, ВС және С. Топырақтың беткі жыртылған қабаты (Ажырт) күңгірт-сұр, кесекті-шаңды түйіртпекті, әлсіз тығыздылығымен, оның аралық В1 қабаты кесекті түйіртпекті, тығыздылығымен және В2 қабаты кесекті-тоң кесекті түйіртпекті, тұз қышқылынан қатты қайнауымен сипатталған.

Қарашірінділі қабатының қалыңдылығы 42 см. Топырақтың тұз қышқылынан қайнауы 49 см тереңдіктен басталып, «ақ көздер» түрінде жаңа жарандылар (карбонаттар) тек ВС және С

Ашық сары, түйіртпексіз, жеңіл балшықты, ылғалды, тығыз, тұз қышқылынан қатты қайнайды.

қабаттарында байқалған.

Зерттеу жүргізу барысында Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Владимировский ауылдық округі топырақтарының агрохимиялық көрсеткіштері деректерін 1989 жылғы Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының мәліметтерінен алып, 2021 жылы ғылыми жоба аясында дайындалған зерттеу нәтижелерімен салыстыру арқылы ауыл шаруашылығы қолданысындағы қара топырақтардың осы көрсеткіштерінің соңғы 32 жылда өзгерісі анықталды.

Зерттеу нәтижелерінде 32 жыл бойы ауыл шаруашылығы қолданысындағы қара топырақтардың құнарлылық көрсеткіштерінің нашарлағаны байқалған (1 кесте).

Кесте 1 – Қостанай облысы Қостанай ауданы қара топырақтарының құнарлылық көрсеткіштерінің өзгерісі.

Топырақ үлгісін алу тереңдігі, см, см	Қарашірінді, %	Нитратты азот, мг/кг	Жылжымалы, мг/кг		Алмаспалы сіңген катиондар құрамы, мг/экв 100 гр. Топырақта				Сіңген негіздермен қанығу дәрежесі, %		
			Фосфор	Калий	Ca <sup>2+</sup>	Mg <sup>2+</sup>	Na <sup>+</sup>	қосындысы	Ca <sup>2+</sup>	Mg <sup>2+</sup>	Na <sup>+</sup>
Кәдімгі қара топырақ, 2021 ж.											
A <sub>ажырт</sub> 0-18	3,89	7,2	15,3	619	18,84	3,25	0,27	22,36	84,26	14,53	1,21
В1 18-39	2,74	9,5	9,3	384	18,13	3,44	0,47	22,04	82,26	15,61	2,13
В2 39-63	1,57	2,1	13,3	453	16,08	4,09	0,57	20,74	77,53	19,72	2,75
ВС 63-84	1,05	5,5	8,5	376	14,55	4,10	0,83	19,48	74,69	21,04	4,26
Кәдімгі қара топырақ, 1989 ж.											
A <sub>ажырт</sub> 0-20	4,05	9,1	17,2	620	20,69	3,40	0,32	24,41	84,76	13,93	1,31
В1 20-41	2,88	10,7	11,8	360	20,55	3,84	0,50	24,89	82,56	15,43	2,01
Оңтүстік қара топырақ, 2021 ж.											
A <sub>ажырт</sub> 0-20	3,77	8,6	10,0	744	21,14	3,17	0,25	24,56	86,07	12,91	1,02
В1 20-42	2,44	6,1	6,7	528	18,28	3,56	0,45	22,29	82,01	15,97	2,02
В2 42-65	1,50	3,3	3,0	305	16,19	4,40	0,62	21,21	76,33	20,74	2,92
ВС 65-87	0,85	4,3	4,2	450	12,00	4,50	0,65	17,15	69,97	26,24	3,79
Оңтүстік қара топырақ, 1989 ж.											
A <sub>ажырт</sub> 0-20	3,85	10,8	12,5	730	20,50	2,85	0,18	23,53	87,12	12,11	0,76
В1 20-41	2,59	8,1	8,5	540	20,06	3,70	0,51	24,27	82,65	15,24	2,10

1989 жылғы мәлімет бойынша кәдімгі қара топырақтың құрамындағы қарашірінді мөлшері жыртылған (Ажырт 0-20 см) қабатта – 4,05%, оның астындағы В1 (20-41см)

қабатында – 2,88% болса, қара топырақтың оңтүстік типшесінің жыртылған қабатында (Ажырт 0-20 см) 3,85%, В1 20-41 см қабатта 2,59% шамасында.

Соңғы 32 жылда ауыл шаруашылығы қолданысындағы кәдімгі және оңтүстік қара топырақтардың құрамында бұл көрсеткіштің азайғанын көруге болады (1 кесте). 2021 жылғы зерттеу нәтижелері бойынша кәдімгі қара топырақтың (Ажырт 0-18 см) жыртылған қабатында қарашірінді мөлшері 0,16%-ға, астыңғы В1 (18-39 см) қабатында 0,14%-ға және оңтүстік қара топырақтың сол қабат тереңдіктерінде 0,08 және 0,15%-ға төмендеген. Көптеген ғалымдар, егістік жерлерде топырақты ұзақ уақыт пайдалану, олар пайда болатын биоклиматтық аймаққа және ауылшаруашылық тәжірибесінің сипатына қарамастан, топырақтан қарашірінді мөлшерінің айтарлықтай жоғалуына әкелетіні туралы [10-11], әсіресе қарашіріндінің негізгі шығындары жер қорын қарқынды игеру аймағында эрозияға байланысты алғашқы үш онжылдықта орын алатынын көрсеткен [11].

Ұзақ уақыт ауыл шаруашылығына пайдаланылған қара топырақтардың құрамындағы нитратты азоттың мөлшері өзгеріске ұшыраған, бастапқы жағдайда оның мөлшері кәдімгі қара топырақтың жыртынды қабатында 9,1 мг/кг, В1 қабатында 10,7 мг/кг құраса, оңтүстік қара топырақтың жыртынды қабатында 10,8 мг/кг, оның астындағы В1 қабатында 8,1 мг/кг шамада болған. 32 жыл аралығында бұл көрсеткіштің де азаюын байқаймыз, яғни кәдімгі қара топырақтың жыртынды қабатында 7,2 мг/кг, астыңғы қабатында 9,5 мг/кг және оңтүстік қара топырақтың үстіңгі қабатында 8,6 мг/кг, В1 қабатында 6,7 мг/кг мөлшерде өзгереді.

Кәдімгі қара топырақты ұзақ уақыт ауыл шаруашылығында пайдалану фосфордың жылжымалы формаларының оның 0-20 см қабатында 17,2 мг/кг-нан 15,3-мг/кг-ға, В1 қабатында 11,8-ден 9,3 мг/кг-ға дейін төмендеуіне әкелді. Дәл осындай нәтиже оңтүстік қара топырақ құрамындағы жылжымалы фосфордың көрсетілген, яғни 1989 жылғы мәліметке сүйенсек, оның мөлшері топырақтың жыртынды қабатында 12,5 мг/кг, астыңғы қабатында 8,5 мг/кг, ал 32 жыл аралығында бұл мән 10,0 мг/кг-ға дейін топырақтың жыртынды қабатында, астыңғы қабатында 6,7 мг/кг жетті.

Зерттеулерде берілгендей, топырақтардың үстіңгі жыртынды қабатында нитратты азотпен және жылжымалы фосформен қамтамасыз

етілуі төмен және орташа болса, алмаспалы калиймен - өте жоғары деңгейде қамтамасыз етілген.

Топырақтың физика-химиялық қасиеттерінің өзгеруі, әсіресе сіңіру қабілеті мен сіңірілген негіздердің мөлшері қарашірінді дәрежесіне және гранулометриялық құрамға байланысты. Топырақты ұзақ уақыт ауыл шаруашылығында пайдалану кезінде қарашіріндінің төмендеуі табиғи түрде алмасу катиондарының азаюын көрсетеді.

Зерттелген қара топырақтар құрамындағы алмаспалы сіңген катиондардың қосындысының көрсеткіші бойынша жоғары деңгейде бағаланады (100г топырақта 22,36-24,56 мг-экв аралығында). Зерттеулерде берілгендей, қара топырақтардың алмаспалы сіңген катиондар қосындысы 1989 жылғы мәлімет бойынша, кәдімгі қара топырақтардың жыртынды және аралық В1 қабаттарының 100 г топырағында 24,41 және 24,89 мг/экв, оңтүстік қара топырақтың жыртынды және В1 қабаттарының 100 г топырағында 23,53 және 24,27 мг/экв сәйкесінше құраған. Ал, ұзақ уақыт ауыл шаруашылығына қолданылып келген кәдімгі қара топырақтың жыртынды және аралық қабаттарының 100 г топырағында сіңіру сыйымы 22,36 және 22,04 мг/экв, оңтүстік қара топырақтың жыртынды және В1 қабаттарының 100 г топырағында 24,56 және 22,29 мг/экв сәйкес.

Топырақтың сіңіру кешенінде алмаспалы негіздердің құрамы оның түйірпектілігіне, су-ауа құбылымына, физикалық-механикалық қасиеттеріне топырақ ертіндісі реакциясына, буферлігіне, қоректік элементтердің бекуіне, нәтижесінде топырақ құнарлылығына әсер етеді. Зерттелген топырақтарда сіңген негіздермен қанығуы, кальций катионымен (84,26-86,07%), магний катионымен (12,91-14,53%) және натриймен (1-2%) дәрежеде. Соңғы 32 жылда ТСК катиондардың құрамы қатты өзгеріске ұшырамаған, алайда шамалы ауытқулар білінеді. Ұзақ уақыт қара топырақтарды ауыл шаруашылығына пайдаланғанда топырақтың сіңіру кешеніндегі кальций катионының үлесі төмендеген (0,3-1,05%), бірақ керісінше басқа катиондардың үлестері артқан (магний ионының үлесі 0,18-0,8% және натрий ионы үлесі 0,12-0,26% аралығында).

**Талқылау**

Зерттеу нәтижелерінен 32 жыл бойы ауыл шаруашылығында қолданыстағы қара топырақтардың құнарлылық көрсеткіштерінің нашарлағаны айқындалды. 1989 жылғы мәлімет бойынша кәдімгі қара топырақтың беткі қарашірінді қабатында (Ажырт 0-20 см) қарашірінді мөлшері – 4,05%, ал оңтүстік қара топырақ типшесінде (Ажырт 0-20 см) – 3,85% болған. Соңғы 32 жылда ауыл шаруашылығы қолданысындағы кәдімгі және оңтүстік қара топырақтардың құрамында бұл көрсеткіштің азайғанын көруге болады, яғни кәдімгі қара топырақта 3,85%, бастапқы мөлшерінен 0,16%-ға, сәйкесінше оңтүстік қара топырақтарда да төмендеген.

Қара топырақтардың құрамындағы нитратты азоттың мөлшері өзгеріске ұшыраған, кәдімгі қара топырақтың жыртынды қабатында 7,2 мг/кг, астыңғы қабатында 9,5 мг/кг және оңтүстік қара топырақтың беткі қабатында 8,6 мг/кг, В1 қабатында 6,7мг/кг мөлшерде өзгерген. Жылжымалы фосфор мөлшері

0-20 см қабатында 17,2 мг/кг-нан 15,3-мг/кг-ға, В1 қабатында 11,8-ден 9,3 мг/кг-ға дейін төмендеген. Сәйкесінше өзгеріс оңтүстік қара топырақ құрамында да байқалды, яғни 1989 жылғы мәліметке сүйенсек, жылжымалы фосфор мөлшері топырақтың жыртынды қабатында 12,5 мг/кг, астыңғы қабатында 8,5 мг/кг, 32 жыл аралығында бұл мән беткі қабатында 10,0 мг/кг-ға дейін, астыңғы қабатында 6,7мг/кг азайған.

Соңғы 32 жылда ТСК катиондардың құрамы айтарлықтай өзгеріске ұшырамаған, алайда шамалы ауытқулар байқалады.

Зерттеу жұмыстары 2021-2023 жылдарға арналған «Ауыл шаруашылығы алқаптарына антропогендік факторлардың әсер етуін агроэкологиялық тұрғыдан бағалау және Қостанай облысының дала және құрғақ дала аймақтарының егіншілік жүйелер топырақтарының ластану дәрежесін анықтау» бағдарламасы аясында жүргізілді.

**Қорытынды**

Қостанай облысы Қостанай ауданының зерттелінген қара топырақтары аз қарашірінділі әлсіз және орташа қалыңдықты, ауыр құмбалшықты гранулометриялық құрамды топырақтарға жатады. Ұзақ мерзім ауыл шаруашылығында қолданыстағы топырақтардың (32 жыл) агрохимиялық қасиеттері өзгеріске ұшыраған, топырақтардың қарашірінді мөлшері, коректік элементтердің және алмаса сіңген катиондар құрамымының динамикасы өзгеріске ұшыраған.

**Әдебиеттер тізімі**

- 1 Кан В.М., Аханов Ж.У., Сапаров А.С. Разработка теории и научных основ сохранения продуктивности и расширенного воспроизводства плодородия почв Республики Казахстан [Текст] / В.М. Кан, Ж.У. Аханов, А.С. Сапаров / Почвоведение и агрохимия, -2008. - №1. - С.77-81.
- 2 Наими О.И. Некоторые аспекты эволюции черноземов под влиянием естественных и антропогенных факторов [Текст] / О.И.Наими / Научный альманах, - 2015. – №8 (10). – С.1067-1072.
- 3 Bykova G.S., Tyugai Z., Yu M.E. Wettability of soil surface as a property of solid phase studied for Chernozems of Kursk region [Text] / G.S. Bykova, Z.Tyugai, M.E. Yu / IOP Conference Series: Earth and Environmental Science, -2019. – Т. 368. - Выпуск 128.
- 4 Mikheeva I. Probabilistic evaluation of transformation of soils in Kulunda steppe under agricultural impact [Text / I.Mikheeva / Steppe Ecosystems: Dynamics, Land Use and Conservation, -2012. - С. 33 – 64.
- 5 Веремеенко С.И., Фурманец О.А. Изменение агрохимических свойств темно-серой почвы западной лесостепи Украины под влиянием длительного сельскохозяйственного использования [Text] / С.И. Веремеенко, О.А. Фурманец / Почвоведение, -2014.- №5. - С. 602-610.
- 6 Mwititi F.M., Gitau A.N., Mbugue D.O. Edaphic Response and Behavior of Agricultural Soils to Mechanical Perturbation in Tillage [Text] / F.M. Mwititi, A.N. Gitau, D.O.Mbugue / AgriEngineering, -2022. – Т.4. -Выпуск 2.- С. 335 – 355.
- 7 Fang H., Fan Z. Assessment of soil erosion at multiple spatial scales following land use changes in 1980–2017 in the black soil region, (NE) China [Text] / H.Fang, Z.Fan / International Journal of Environmental Research and Public Health, -2020. –Т. 17.- Выпуск 20. -С. 1-21.

8 Минеев В.Г., Подколзин А.И. Плодородие черноземов Центрального Предкавказья и пути его регулирования [Текст] / В.Г.Минеев, А.И. Подколзин /Агрохимия, - 2010. - №8. - С. 87-95.

9 Базыкина Г.С. Элементы водного режима и физические свойства дерново-подзолистых почв Московской области под лесом, пашней и залежью [Текст] / Г.С. Базыкина/ Почвоведение, - 2004. - №3. - С.343-351.

10 Гамзиков Г.П. Изменение содержания гумуса в почвах в результате сельскохозяйственного использования [Текст] : Г.П. Гамзиков, М.Н. Кулагина. – М., -1992. – 48 с.

